



№33-34
(4467)

Сейсенбі
21 наурыз
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



НАУРЫЗ МЕЙРАЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Наурыз мерекесіне орай шет мемлекеттердің басшыларынан құттықтаулар келіп түсіп жатыр.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин ел Укіметі мен халқының, сондай-ақ өзінің атынан жолдаған құттықтау жеделхатында достас Қазақстан халқына бақ-береке, ал Қасым-Жомарт Тоқаевқа зор денсаулық және оның жауапты жұмысына табыс тіледі.

– Мен Қытай және Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың дамуына айрықша мән беремін. Сіздің Қытайға мемлекеттік сапармен келетініізге және биыл мамыр айында өтетін алғашқы «Қытай – Орталық Азия» саммитіне қатысатыныңызға қуаныштымын. Екі елдің ынтымақтастығын одан әрі дамыту, сондай-ақ Қытай мен Орталық Азия арасындағы байланысты нығайту мәселелері жөнінде өзіңізбен пікір алмасамыз деп сенемін, – деп жазылған Си Цзиньпиннің жеделхатында.

АҚШ Президенті Джо Байден Қасым-Жомарт Тоқаевты және Қазақстан халқы Наурыз мейрамымен және Рамазан айының басталуымен құттықтады.

– Елдеріміздің арасындағы өзара стратегиялық серіктестік пен халықтарымыздың достық қарым-қатынасы бүкіл аймақтағы бейбітшілікті сақтауға және өңірді өркендетуге септігін тигізеді. Бүгін Астанадан Алматыға дейінгі және бүкіл ел тұрғындары көктемгі жаңару мерекесін тойлайды. Қазақстанның жарқын болашағын және елде тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін Сіздің саяси және экономикалық реформаларыңызды Америка Құрама Штаттары әрдайым қолдайтынын растаймын. Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! – деп жазған Джо Байден.



САЙЛАУ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

19 наурызда елімізде Парламент Мәжілісінің және мәслихаттар депутаттарының сайлауы өтті.

2-3

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Наурыз мерекесімен құттықтаймын!

Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы болған Наурызда күн мен түн теңеліп, тіршілік қайта түлейді. Бұл мереке – қайырымдылық пен ұйымшылдықтың да жарқын көрінісі.


Тұрғындар бұл мерекені ылғи да ерекше ықыласпен күтеді. Қалада Наурыз мейрамының құрметіне орай 100-ден аса түрлі іс-шара өткізіледі. Мереке тұжырымдамасы аясында мұқтаж жандарға да көмек көрсетіледі.

Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақыт және табыс тілеймін!

Құрметпен,
Астана қаласының әкімі
Жеңіс ҚАСЫМБЕК



Наурыз мейрамы қарсаңында «Жолаушылар тасымалы» АҚ Астана-Бурабай курорты бағыты бойынша ұлттық нақышта безендірілген электр пойызын іске қосты. Мерекелік пойыз күн сайын, бір ай бойы жүреді. Астанадан таңертең «Нұрлы жол» вокзалынан сағат 06:03 минутта жүреді, одан кейін Астана-1 вокзалына аялдап, сағат 06:57 минутта Бурабайға жөнеледі.



Ораза
қабы болсын!

Биыл Рамазан айы 23 наурызда басталады. Ал сәуір айының 17-сінен 18-іне қараған түн – қасиетті Қадір түні. 21 сәуір – Ораза айт. Пітір садақа мөлшері – 535 теңге.

7

ОРАЗА АЙЫНДА ЕЛОРДАДА МЕШІТТЕРГЕ ТҮНГІ АВТОБУС ЖҮРЕДІ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 493.48 \$ USD/KZT 462.36 ₸ RUB/KZT 5.99 ¥ CNY/KZT 67.14

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



САЙЛАУ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Елімізде ең бірінші болып Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дауыс берді. Президент сағат жетіден аса елордадағы №59 сайлау учаскесінде – әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында азаматтық борышын орындады. Ал Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) кеше Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауының алдын ала нәтижелерін жариялады.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

6 366 441 ДАУЫС ЕСЕПТЕЛГЕН

«Кешеден бері 9 брифинг өткізілді, барлық ақпарат мүмкіндігінше шұғыл таратылды. Елде және шет елдердегі 10223 сайлау учаскесінде дауыс беру процесі өтті» деді арнайы брифингте ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров. Оның айтуынша, сайлауда 6366441 дауыс есептелген. Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауының алдын ала нәтижелері мынадай: «Аманат» партиясы – 3431510 дауыс немесе 53,90%; «Ауыл» партиясы – 693938 дауыс немесе 10,90%; «Республика» партиясы – 574154 дауыс немесе 8,59%; «ҚХП» – 432920 дауыс немесе 6,80%; «Ақ жол» партиясы – 535139 дауыс немесе 8,41%; ЖСДП – 331058 дауыс немесе 5,20%; «Байтақ» жасылдар партиясы – 146431 немесе 2,30%; Барлығына қарсы – 248291 дауыс немесе 3,90%.

Нұрлан Әбдіров бірмандатты округтер бойынша депутат болғандардың тізімін жариялады. Алдын ала қорытынды бойынша сайлауда халықтың ең көп дауысын жинаған үміткерлер мыналар:

Астана қаласы: Дәулет Тұрлыханов 71698 дауыс; Дәулет Мұқаев 51769 дауыс; Алматы қаласы: Ермұрат Бапи 23690 дауыс; Ерлан Стамбеков 15930 дауыс; Бақытжан Базарбек 22685 дауыс;

Шымкент қаласы: Данабек Исабеков 21098 дауыс; Болатбек Нәжіметдинұлы 19851 дауыс; Абай облысы: Нұртай Сабильянов 131872 дауыс; Ақмола облысы: Айна Мысырәлімова 154587 дауыс; Ақтөбе облысы: Қазыбек Әлішев 238195 дауыс;

Алматы облысы: Ардақ Назаров 122242 дауыс; Данияр Қасқарауов 153225 дауыс; Атырау облысы: Әділ Жұбанов 107973 дауыс; Батыс Қазақстан облысы: Абзал Құспан 126784 дауыс; Жамбыл облысы: Мұқаш Искандиров 99021 дауыс; Гүлдана Нұрмұхамедова 117880 дауыс;

Жетісу облысы: Руслан Қожасбаев 132678 дауыс; Қарағанды облысы: Құдайберген Бексүттанов 132471 дауыс; Арман Қалықов 145228 дауыс; Қостанай облысы: Еркін Әбіл 192175 дауыс;

Қызылорда облысы: Мархабат Жайымбетов 148646 дауыс; Маңғыстау облысы: Еділ Жанбыршин 117880 дауыс; Павлодар облысы: Жарқынбек Амантай 168625 дауыс;

Солтүстік Қазақстан облысы: Еркебулан Мәмбетов 153736 дауыс; Түркістан облысы: Қайрат



Балабиев 142595 дауыс, Уласбек Сәдібеков 92445 дауыс, Темір Қырықбаев 117584 дауыс; Ұлытау облысы: Ерболат Сатыбалдин 44406 дауыс; Шығыс Қазақстан облысы: Лұқбек Тұмашинов 165596 дауыс.

80 МЫҢНАН АСТАМ БАҚЫЛАУШЫ БОЛДЫ

ОСК төрағасы 19 наурызда сайлауды 80 мыңнан аса ұлттық байқаушы бақылағанын жеткізді. «Дауыс беру күні сайлауды 80 мыңнан аса ұлттық байқаушы бақылады. Оның ішінде үміткерлердің саяси партиялардың 38908 сенім білдірген адамдары, саяси партиялардың 19036 байқаушысы, 252 тіркеуден өткен қоғамдық бірлестіктердің 23383 байқаушысы және халықаралық ұйымдардың 793 байқаушысы қатысты» деді Нұрлан Әбдіров.

ЗАҢ БҰЗҒАНДАРҒА АЙЫППҮЛ САЛЫНДЫ

Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарын сайлау барысында заңда көзделген конституциялық құқықтық жауапкершілік шаралары қолданылды» деді Нұрлан Әбдіров брифинг барысында.

«Өз өкілеттіктеріне сәйкес, сайлау органдары азаматтар мен бірлестіктердің хабарларына жеделден қойып, тиісті шаралар қабылдады. Сайлау заңнамасын бұзғаны үшін учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері бойынша олардың 14 мүшесі комиссиялардың жұмысына қатысудан дереу шеттетілді. Осылайша, оларға «Сайлау туралы» Конституциялық заңда көзделген конституциялық құқықтық жауапкершілік шаралары қолданылды» деді Нұрлан Әбдіров брифинг барысында. Құзырлы ведомство басшысының айтуынша, әлеуметтік

желілерде және мессенджерлерде ықтимал бұзушылықтар туралы ақпарат материалдарының таралуына және сайлау комиссияларына азаматтардан, саяси партиялар байқаушыларынан, кандидаттардан өтініштердің түсуіне байланысты ОСК Бас прокуратураға тексеру және құқықтық бағалау жүргізу туралы сұрау салу жіберген.

«Бас прокуратураның ресми ақпараты бойынша дауыс беру күні 34 адамның тарапынан құқық бұзушылық тіркелген. Олардың ішінде 17 учаскелік комиссия мүшесіне Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 110-бабы бойынша айыппұл салынды. Олардың барлығы жауапқа тартылды» деді Н.Әбдіров.

ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЫС БЕРУ ДӘСТҮРІ ЖОЙЫЛМАДЫ

Елімізде сайлау барысында отбасылық дауыс беру дәстүрі жойылмай отыр. Мұндай жағдайлардың тіркелгенін Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров мәлім етті.

«Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін отбасылық дауыс беру дәстүрі, яғни отбасы мүшелері мен басқа да жақындары үшін дауыс беру дәстүрі әлі де жойылған жоқ. Орталық сайлау комиссиясының аумақтық немесе округтік сайлау комиссияларының атына ресми түрде келіп түскен барлық өтініштер заңда белгіленген тәртіппен қаралатын болады. Және олардағы мәліметтер расталған жағдайда тиісті іс-шаралар қабылданады» деді ол.

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ ӘЛІ ЖАЛҒАСУДА

Сайлау күнінде құқық бұзғаны 6 адам жауапкершілікке тартылды. Бұл туралы Бас прокуратура

өкілі Азамат Сарғазин мәлімдеді.

«Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттығына кезектен тыс сайлау тағайындалған күннен бастап прокуратура органдары наұқанның барлық кезеңінде заңдылықтың сақталуын қатаң бақылауды қамтамасыз етті. Сайлау процесі дауыс беру күнін қоса алғанда, жалпы тыныш жағдайда өтті. Азаматтардың құқықтарын бұзатын елеулі заң бұзушылықтарға жол берілген жоқ. Дегенмен қадағалау барысында сайлаудың қорытындыларына айтарлықтай кері әсері тимейтін заң талаптарын бұзудың жекелеген фактілері анықталды» деп түсіндірді ол аталған брифинг барысында.

Азамат Сарғазин дауыс беру күнін қатаң бақылау жұмысы әлі де жалғасып жатқанын айтты. Сондықтан жауапқа тартылғандардың саны сағат сайын өзгеріп отыр.

«Дәл осы сәтте маған түскен соңғы мәліметке сәйкес, тағы 6 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сонымен, дауыс беру күні орын алған әкімшілік құқық бұзушылық саны 40-қа жетті. Оның ішіндегі 11-і бізге келіп түскен өтініштерді қарау нәтижесінде анықталған. Барлығы бойынша кінәлі адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылды» деді Бас прокуратура өкілі.

КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ ЖАЗАЛАНДЫ

Сайлау комиссияларының 18 мүшесі азаматтарға басқа адам үшін дауыс беруге бюллетень берген. Мұндай ақпаратты да құзырлы орган өкілі жария етті.

«Сайлау құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша өндіріс қозғау құқығы – прокурордың ерекше құзыретінде. Азаматтарға басқа адамдарға дауыс беру мүмкіндігін ұсыну мақсатында бюллетеньдерді беру түріндегі құқық бұзушылықтар үшін учаскелік комиссиялардың 18 мүшесіне Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 110-бабымен айыппұл салынды. Оның ішінде Алматы облысында – 5, Солтүстік Қазақстан облысында – 3, Жамбыл, Жетісу, Түркістан облыстарында – 2-ден, Алматы мен Шымкент қалаларында, Ақтөбе, Павлодар облыстарында біреуден» деді ол брифингте.

Сондай-ақ, тең сайлау құқығы туралы талапты басқа сайлаушының атынан дауыс беру арқылы бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 108-бабымен 17 адам Әкімшілік жазаға тартылған. Оның ішінде Шығыс Қазақстан облысында – 4, Алматы облысында – 3, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарында – екеуден, Ақтөбе, Түркістан облыстарында біреуден факті бар.

«Осы 17 құқық бұзушылықтың 4-еуі учаскелік комиссия мүшелері тарапынан орын алған» деді А.Сарғазин.

РЕФОРМАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕСІН КӨРДІК

Еліміздегі Мәжіліс және мәслихаттар депутаттарының сайлауы – Әділетті Қазақстан құру жолындағы маңызды қадамның бірі. Осындай жауапты кезеңде ел ертеңіне бейжай қарамай, белсенділік таныту – әрқайсымыздың азаматтық міндетіміз.

Жалпы, бұл сайлауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен іске асырылып жатқан кешенді реформалардың нақты нәтижелерін көріп отырмыз. Атап айтқанда, қазақстандықтар бірмандатты округтер бойынша сынға түскен кандидаттарға дауыс беру мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ партияларды

тіркеу шегінің төмендеуіне байланысты сайлауға жаңа саяси күштер қатысып жатыр. Үгіт-насихат жұмыстары да бәсекеге толы, қызу және ашық жүргізілгенін атап өткен жөн. Мұның бәрі қолға алынған жаңғыртулардың маңызды, уақытылы және қажет екенін көрсетеді.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат төрағасы



ЕЛОРДАЛЫҚТАР КІМДІ ТАҢДАДЫ?



Елордалық сайлаушылар 17 сайлау округіне бөлініп, сол бойынша Парламент Мәжілісі мен қалалық мәслихат депутаттарының сайлауына қатысты. Ал сайлау округтерінің территориялық ауқымы мен халық санына қарай сайлау учаскелері әркелкі болды.

Мәселен, №1 сайлау округіне 21 учаске ене, №2 сайлау округі 19 учаскеден құрылды. Жалпы сайлау күні Астанада 416 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Біз бірқатар учаскеге барып, сайлаудың өту барысын бақыладық.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек №59 сайлау учаскесіне барып, өз таңдауын жасады.

– Астана қаласында саяси бәсеке жоғары. 17 бірмандатты округ бойынша 150-ден астам кандидат тіркелді. Мәжілістің 2 округі бойынша шамамен 70-тен астам кандидат сайлау науқанына түсті, – деді қала әкімі.

Сайлау процесінде қызықты жағдайларды аңғардық. Соның бірі – №381 сайлау учаскесіне әкеліп алып, дауыс берсе, елордалықтардың 42,91 пайызы өз таңдауын жасады.

– Сайлау – Жаңа Қазақстанды бағдар еткен еліміздегі айтулы күн. Оған ерекше стильмен келуді жөн көріп, бүркітті ала келдік. Бүркіт – киелі құс, – деп түсіндірді ол.

Жалпы, 19 наурызда сайлаушылар учаскеге барып дауыс берумен қатар,

үйінде сайлау комиссиясының мүшелерін асыға күткендер де болды. Солардың бірі – ерлі-зайыпты Сұлтанғали мен Мануар Жұмановтар. Байқоңыр ауданында тұратын зейнеткерлер қарттығына байланысты үйден дауыс берді. Олардың үйіне №84 сайлау учаскесінің комиссия мүшелері дауыс беруге мүмкіндік жасады.

Ел азаматтарының 54,19 пайызы бюллетень алып, дауыс берсе, елордалықтардың 42,91 пайызы өз таңдауын жасады.

ӨЗ ӘСЕРІМЕН БӨЛІСТІ

Ұлыбританиядан келген халықаралық байқаушы Халықаралық байқаушыларға қолғабыс көрсету орталығында өткен брифингте сайлау науқаны кезіндегі өз әсерімен бөлісті.



«Біздің елде сайлау үнемі бейсенбі күні өтеді. Бұл жұмыс күні болғандықтан, кейде

адамдар сайлауға баруға үлгермей жатады. Бір қызығы, сіздерде сайлау жексенбі күні

өтеді. Бұл – демалыс күні. Адамдарға сайлауға қатысуға, сайлау учаскелеріне келуге

уақыт бар» деді Ұлыбритания Парламентінің мүшесі, Ұлыбритания Премьер-министрінің Моңғолиядағы сауда өкілі Даниэль Кавчински.

Халықаралық байқаушылар сайлау учаскелеріне азаматтардың бала-шағасымен келіп жатқанын айтты.

– Тағы бір ерекше атап өтерлігі, сайлау учаскелерінде ән шырқалып тұрады. Бұл маған өте ұнады. Сайлау учаскелері өте қызықты орын екенін байқадым. Мәселен, бізде сайлау учаскелері өте ресми. Оған кірген адам күлмейді. Керісінше, олар тезірек кіріп, шаруасын бітіруге тырысады. Ал мұнда адамдар бір-бірімен сөйлесіп, дауыс беру бюллетеньдерін жәшікке салу сәтін суретке түсіреді. Сайлаушылар отбасымен келді, – деді Д.Кавчински.

Астана қаласының тұрғыны, Сарыарқа даңғылындағы 33-үйдегі №147 сайлау учаскесінде дауыс берген зейнеткер Ибрагим Зұлқаров халықтың сайлауға әлі де енжарлықпен қарайтынын айтып, қынжылыс білдірді.

Ибрагим ЗҰЛҚАРОВ:

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ЕНЖАРЛЫҚПЕН ҚҰРА АЛМАЙМЫЗ

– Ибрагим аға, сіз сайлаудың әділ өтетініне сенесіз бе?

– Иә, сенемін. Бізде «қалталы Парламент» болмайды деп ойлаймын. Билік пен бұқара бір-бірін түсінетін, тыңдайтын кезеңге өттік. Саясатта да әділдік болады деп үміттенемін. Жалпы алғанда, елімізде өзгеріс, жаңару, түлеу болатынына сенетін адамның бірімін.

– Халықтың сайлау мәдениетіне көңіліңіз тола ма?

– Шынымды айтайын, халықтың көпшілігі әлі де енжарлықпен, сенімсіздікпен қарайды. Таңертең дауыс беруге шыққанымда көршілерімді кезіктірдім. «Дауыс бермейсіңдер ме?» десем: «Ой-й, біздің дауысымыз ештеңе шешпейді. Бәрібір биліктегілер өз адамын сайлайды» деді көбі. Жаңа Қазақстанды енжарлықпен құра алмаймыз. Ел болашағы үшін таңдау жасау – әр азаматтың борышы. Мен өз борышымды атқаруға келдім.

– Сіз тұратын ауданда көптен бері шешілмей келе жатқан қандай өзекті мәселелер бар? Сайлауға түсіп жатқан үміткерлер сол мәселені шешетініне сенесіз бе?

– Шешілмей келе жатқан мәселе көп. Соның ішінде әлеуметтік мәселелерді айтар едім. Мысалы, көпқабатты үйде балаларымыз қолында тұрамын. Соңғы кездері ПИК дегенді жауып, МИБ дегенді аштық. Жұрт оның қалай жұмыс істейтінін, тұрғындар өздері тұратын үйді басқаруға қалай қатысатынын толық түсіне алмай жүр. Сайлауға түсіп жатқан үміткерлер де осыны егжей-тегжейлі түсіндіріп, халықтың сөзін, тілегін, мұңын тыңдаған жоқ. Тіпті тұрғындардың дені осы ауданнан мәслихатқа,



Мәжіліске кімдер сайлауға түсіп жатқанына да назар аудармады. Өйткені сайланған адамдар депутаттыққа өтіп алғанша ғана халықпен кездеседі, үгіт-насихат қағазын таратады. Ал сайлау өткен соң олардың аты-жөнін, түр-келбетін ұмытатыны шындық. Билік пен бұқараның арасында шынайы қарым-қатынас орнамай, қоғам да, ел де дамымайды.

– Жасыңыз нешеде?

– 73-темін.

– Зейнетақыңызға көңіліңіз тола ма?

– Аллаға шүкір. Көп жылдар өндірісте жұмыс істедім. Бұйырған зейнетақымыз аламын. Әрине, мына қымбатшылық заманда көңіліміз толады дей алмаймын. Үкімет пен Парламент, жергілікті мәслихаттар ең алдымен халықтың әлеуметтік жағдайына назар аударып, жалақы мен зейнетақы сәл өскен кезде бағалардың шарықтап кетпеуіне нақты іс-қимылдар жасаса екен. Сонда халықтың билікке, саяси партияларға, сайланған депутаттарға деген сенімі де артады. Қоғамда әділдік орнайды. Бәріміздің қалауымыз – осы.

Сұхбаттасқан
Төлен ТІЛЕУБАЙ

САЙЛАУ СТАНДАРТҚА САЙ ӨТТІ

Халықаралық байқаушыларға қолғабыс көрсету орталығында өткен брифингте Норвегия мен Польшадан келген халықаралық байқаушылар Парламент Мәжілісінің және мәслихаттар депутаттарының сайлауының демократиялық процестерді нығайту үшін маңызын атап өтті.

– Қазақстанда халықаралық байқаушы ретінде қатысып отырғаным өте қуаныштымын. Демократия құру ұзақ уақытты қажет ететінін білеміз. Норвегияда

демократия құруға 3 ұрпақ қатысты. Демократия бір күнде құрылмайды. Мұны түсіну керек. Шыдамдылық қажет, – деді Оңтүстік Шығыс Норвегия университетінің

лекторы, Молде университетінің доценті, «Procuratio Consulting» компаниясының кеңесшісі Гленг Агунг Холле. «Бүгінгі сайлау демократияландыру үдерісіндегі маңызды

сәт деп санаймыз. Мен Астанадағы үш учаскеде болдым. Барлығы жақсы сияқты, бәрі стандартқа сай өтті» деді «Бойма» атындағы Азия және жаһандық зерттеулер институты Ғылыми кеңесінің мүшесі Ежи Олендзкий. Осылайша Польшадан келген халықаралық байқаушы өз әріптесін қолдады.

САЙЛАУ КҮНІ ШАҢЫРАҚ КӨТЕРДІ

Елордадағы «Астана Опера» театрында орналасқан №393 сайлау учаскесінде қала жастары сайлауда өз таңдауын жасап, үлкен өмірге қадам басты.

«Учаскеде адам қарасы көп болды. Таңдау жасау оңай болмады. Сайлау күнінде тұрмыс құрып, отбасымыздың уығын қадап, шаңырағын тіктедік. Бұл күнді ондаған жылдан кейін де бірге сағына еске аламыз деген ойдамыз. Кішкентай отбасымыз Отанымызбен қатар гүлденсе, көркейсе, көбейсе деген үміт-

теміз» дейді жас жұбайлар Мұхаммедали Бейсенбеков пен Аруна Сұлтан.

19 жасар қыз осымен екінші рет сайлауда дауыс берді. Жас шаңырақ иелерінің игі тілегін көпшілік жақсылыққа балады. Саяси дода ашық, әділ, таза өтіп, еліміз демократияның даңғыл жолына түссе деген пікір білдірді.



609 СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

19 наурызда Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттығына сайлау күні елімізде 609 сәби дүниеге келді. Оның ішінде 312-сі – ұл, 297-сі – қыз, бір – егіз. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі мәлім етті.

«Мемлекеттің одан әрі дамуы үшін осындай тағдырлы және маңызды күнде дүниеге келген сәбилерге жарқын бола-

шақ пен зор денсаулық тілейміз» делінген министрліктің құттықтауында.

Астана қаласы Денсаулық сақтау басқар-

масы мәліметі бойынша елордада сайлау күні 54 сәби дүниеге келді. Оның 25-і – ер бала, 29-ы – қыз. Одан бөлек егіздер де бар.



Наурыз құтты болсын!

Құрметті елордалықтар, қала қонақтары! Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні, жақсылықтың жаршысы, көктемнің ұлық мейрамы – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Наурыз – іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі, жаңа жылдың бастауы. Наурыз мейрамы елімізге құт-береке әкелсін, әр отбасында бірлік пен қуаныш, бақыт пен молшылық болсын!

Ұлтымыздың мерейін өсіріп, баршамызға қуаныш сыйлайтын, салтымызды сақтап, дәстүрімізді дәріптейтін маңызы зор Наурыз мерекесімен тәуелсіз мемлекетіміздің бірлігі нығайып, ырыс-несібіміз арта түссін. Ел тыныштығы сақталып, халқымыздың әл-ауқаты мен әлеуеті артып, экономикалық тұрақтылық салтанат құруын тілейміз. Әрбір жаңа күн шуақты, қуанышқа толы болғай! Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Ізгі ниетпен,
Астана қалалық
Ардагерлер
кеңесі



Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары!

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің атынан сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Ежелгі заманнан келе жатқан Наурыз мейрамы көктемнің келуін бейнелейді және достық, махаббат пен жомарттықты дәріптейді. Бұл – бейбітшілік, жасампаздық және келісім мерекесі. Наурыз мейрамы әрбір қазақстандық үшін қымбат. Ол адамгершілікті, достық пен төзімділікті бейнелейді. Мұндай керемет мерекені Қазақстан аумағында тұратын түрлі ұлт өкілдері мейірімді, жарқын және ең бастысы біздің ортақ мерекеміз ретінде атап өтетіні қуантады.

Осы көктемгі күні сіздерге зор денсаулық, өзара құрмет, түсіністік пен әрбір отбасына Отанымыз – Қазақстан Республикасы мен оның елордасы – Астана қаласының одан әрі гүлденуі үшін бақ-береке тілеуге рұқсат етіңіздер!

Құрметпен,
Астана қаласы
Қоғамдық кеңесінің
төрағасы
З. ҒАЙЫПОВ



АСТАНАНЫҢ АЙШЫҚТЫ АСУЛАРЫ

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Жалпы бас шаһарда оң өзгеріс көп. Астана бүгінде «ақылды қалаға» айналып келеді. Аты айтып тұрғандай, өмір сүруге қолайлы, экономикалық, экологиялық жағынан тиімді қалалардың қатарына қосылу үшін елорда «Астана – жайлы қала» жоспары аясында дамуда.

Өткен жылдың бірінші жартыжылдығында құрылысқа салынған инвестициялар көлемі артып, 237 млрд теңгені құрады. Инвестиция көлемі 2021 жылы 1,2 трлн болса, 2022 жылы 465 млрд-қа жетті. Өңдеу өнеркәсібінде де оң көрсеткіштер тіркелді.

Қазіргі кезде елорда, шын мәнінде, іскерлер орталығына айналды. Мәселен, егер 2019 жылы шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 170 мыңға жуық болса, 2022 жылдың соңына таман олардың қатары 230-дан асты.

Экономикалық белсенді халықтың үлесі өсіп келеді. Жалпы өңірлік өнім құрылымында шағын және орта бизнестің үлесі 60 пайызды құрайды.

2001 жылы елорданың бас жоспарын бекіткен кезде, 2030 жылға қарай Астанада 850 мың адам тұрады деген болжам жасалса, 2010 жылғы бас жоспар түзетіліп, 2030 жылы 1,2 миллион адам болады деп болжанды. Кейінгі деректер астаналықтар саны 2035 жылға қарай 2,3 миллионға жететінін көрсетті. 2022 жылдың соңына қарай елорда халқы шамамен 1 млн 330 мың адамды құрады. Бұл ретте осында уақытша жұмыс істейтіндер, оқытқындар, бірақ ресми түрде тіркелмегендер және т. б. есепке алынған жоқ.

Халық санының өсуімен бірге

Өткен жыл елорда үшін жемісті де жеңісті жыл болды. Барыс жылы Астана жылнамасында айтулы оқиғалармен есте қалды. Қазақша жыл есебі бойынша жыл басы саналатын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында өткенге есеп беріп, ел игілігі жолында бас қалада атқарылған шаруаларға тоқталуды жөн көрдік.

инженерлік инфрақұрылымға жүктеме де көбейіп келеді. Қаланың қарқынды даму үстіндегі көші-қон үдерісіне ілесе алуы – өзекті мәселе. Елордамыз урбанизацияның жаһандық трендін ұстануда. Соның нәтижесінде уақыт өткен сайын елордамыздың ажарланып, баршаға тартымды бола түскені белгілі.

Осыдан екі жыл бұрын елорданы газдандыру жұмысы қолға алына бастаған кезде, әрине, біз 3-ЖЭО-ның бастапқы жобасы газға бейімделді. Енді қазандықтар табиғи газбен жылытылады. Бұған қосымша 29 млрд теңге бөлінді.

Елордада жыл сайын қаншама тұрғын үй салынып, пайдалануға берілуде. Әлеуметтік, коммерциялық, индустриялық немесе өнеркәсіптік нысандарды есептемегенде, соңғы үш жылда бас қалада 8,5 млн шаршы метр тұрғын үй салынды.

Астана тұрғындары тәулігіне 300 мың текше метрден астам су тұтынады, бұл әсіресе жаз мезгілінде қала үшін тым жеткіліксіз. Осыған байланысты 2021 жылы су қоймасынан суды тазартатын сорғы-сузгі стансасының құрылысы басталған болатын, сол арқылы қала тұрғындарына ауыз су беріледі. Құрылыстың бірінші кезеңі 2022 жылдың соңына қарай аяқталды, ал 2023 жылы нысан толығымен

пайдалануға беріледі. Станса қосымша 105 мың текше метр суды қамтамасыз етеді.

Құрылысы ұзаққа созылған нысандар мәселесі – Астананың басты проблемасының бірі. Бұл мәселе Мемлекет басшысының бақылауында.

Соңғы кездері үлескерлер проблемасы біртіндеп шешіле бастады. 2019 жылдың басында проблемалық 150 көпәтерлі тұрғын үй кешені, 16 мыңнан астам отбасы болды. Өткен жылы 30 көпәтерлі тұрғын үй кешенінің, яғни 13 мың тұрғынның мәселесі шешіліп, 90 проблемалық көпәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталды.

Осыдан 10 жыл бұрын елордада мектеп жасындағы балалардың саны 70 мыңнан астам болса, былтыр олардың қатары 230 мыңның үстінде болды. 2022 жылдың мамыр айында 8 мың түлек мектеп бітірсе, қыркүйекте 25 мың бала бірінші сыныпқа барды. Оларды орынмен қамтамасыз ету үшін қалада өткен жылы 15 мектептің құрылысын жүргізу жоспарланды.

2019 жылы елордада – 6 мектеп, 2020 жылы – 11 және 2021 жылы 15 мектеп салынып, бұл 74 мың оқушыны орынмен қамтамасыз етсе, былтыр бас қалада 6 ірі мектеп салынып, 24 мың оқушы орынмен қамтамасыз етілді.

Мемлекет басшысының ыңғайлы мектептер құру туралы тапсырмасы аясында 20 ірі мектеп жұмыс істейтін болады. Бас жоспарда мектеп салу үшін 72 жер телімі бөлінген. Жалпы қаланың қажеттілігін қанағаттандыру үшін 162 мектеп қажет. Балабақшалар, емханалар құрылысы бюджет есебінен де, инвесторлар есебінен де жүргізілетін болады.

Елордада апатты, тозығы жеткен тұрғын үйлер де бар. Жыл өткен сайын олардың қатары азаюда. Мұндай үйлерді жаңғырту мәселесі «Елорда даму» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама алғаш жүзеге асырылған жылдан бастап Астанада 4200-ден астам отбасы жаңа үйлерге көшірілсе, өткен жылы осындай апатты жағдайдағы үйлерде тұрып жатқан 233 отбасы қоныс тойын тойлады.

Қала шетінде 16 тұрғын алап орналасқан, былтыр осы елді мекендерде жолдар жөнделуде, қоғамдық кеңістіктер, саябақтар, әлеуметтік нысандар абаттандырылған. Қаланың екі ауданында газдандыру бойынша магистралдық желілер салынып, тұрғын үйлерді газға қосу жұмысы жүргізіліп жатыр.

Бас қалада қоғамдық кеңістіктер ашу және ауаларды түбегейлі өзгерту бойынша да ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Өткен жылы «Астана – жайлы қала» мастер-жоспары аясында Бейбітшілік және келісім сарайы аумағында амфитеатр, қаланың оң жағалауындағы тағы бір жаяу жүргіншілер жолы, 200-ден астам аула мен қоғамдық кеңістік салынды. Олардың барлығы қала тұрғындары мен қонақтары үшін тартымды орындарға айналды. Құтқарушылар, мұғалімдер, медицина қызметкерлерінің құрметіне саябақтар абаттандырылып, Көктал елді мекенінде саябақ ашылды.

Қысқасы, барыс жылын табысты аяқтап, қоян жылын жақсы үмітпен қарсы алғалы отырмыз. Халқымыздың өткенге өкпе артпай, жаңа күннен тек жақсылық күтетін ежелгі әдеті бойынша биыл да ерінбей еңбек етіп, барлық саладағы табысты еселер болсақ, қоян жылы да қала тұрғындары үшін құтты жыл болады деген үміттеміз.



ҚОЯННЫҢ ҚҰТЫ МЕН ЖҰТЫ

Азуын айға білеген барыс жылын аттандырып, қаудыр құлақ қоян жылын қарсы алғалы тұрмыз. Яғни Шығыс елдерінің ежелгі жыл санау дәстүрі бойынша 12 мүшелдік жыл тізбесінің 4 жылын қарсы алып отырмыз.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Әр жылдың өзіндік сипаты болатыны сияқты, қоян жылының да ерекшелігін қазақ есепшілері әр түрлі атайды. Бірі қоян жылы жайлы, жақсы жыл болады десе, кейбір ақсақалдар қоян қиындығы мол, ауыр жыл болады деген болжам айтады. Қоян жылын «ақ қоян, ор қоян, қара қоян, көк қоян, көкше қоян, сары қоян, қызыл-көз қоян, қоңыр қоян, сұр қоян, сұрша қоян, бурыл қоян, бөрте қоян» деп немесе «үлкен қоян, тақыр қоян, кіші қоян, жалпақ қоян...» деп 12-ге бөліп, әр қоянға әр түрлі сипаттама беретіндер де бар. Бірақ бір жылды 12 түрге бөлгенді қойып, 12 мүшелді өзін толық сипаттай алмайтын қазіргі таңда бір жылдың өзін «ақ тышқан жылы, ор қоян жылы» деп деп басып бөле алатындар қазір жоқтың қасы болғандықтан, біз қоян жылының жалпы ерекшелігі жайлы сөз қозғауға мәжбүрміз.

Қоян қазақтың шаруашылық тарихында жұт, аштық, ауыртпалық, бейнет жылы ретінде бағаланады. Оның себебі де жоқ емес. Тарихшылар әр 36 жыл сайынғы қоян жылы қатты болып, соның кесірінен елді жұт жайлағанын айтады. 1867-1868 жж. «жалпақ қоян» жұты, 1879-1880 жж. «үлкен қоян» («ұлы қоян жұты» деп те аталады) жұты, 1891-1892 жж. «кіші қоян» жұты, 1915-1916 жж. «тақыр қоян» жұты болып, бүкіл қазақ даласында мал қырылып, ел аштыққа, жоқшылыққа ұшы-

рап, халық қатты қиналған екен. Қазақ даласына ғаламат қайғы әкелген «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» да 1723 жылы – қоян жылы болыпты. Қоян жылғы жұт пен апат, аштық қаламгерлер шығармасына да арқау болған. Солардың бірі І.Жансүгіров: *Болмаса түлкі алдырған, Қасқыр атқан, Бір қазақ таба алмайсың қысты ұнатқан. Өтіпті «ақ қояндай» қырғын қыстар, Түкпірік түспей қатқан,*

жұрт жұтатқан, – деп жазса, ақын Арғынбек Апапбайұлы: *Қоянда жылқы семіз, сиыр арық, Ешкінің одан бетер күйі ғаріп, Тоқтамай қары қалың ойпаң жерге, Кетеді қыр сағалап киік ауып,* – деп түйіндепті. Дегенмен «мұсылман баласы үшін қоян – адал ас. Шөппен қоректенеді, еті таза. Қыстың қатты болуының қоянға қатысы жоқ. Табиғаттың құбылысы, тосын жайы айналып келіп отырады. Сондықтан адамдар шаруаны ұйымдастырудағы, қыс мезгіліне дайындықтағы кемшілігін қояннан іздемесін» деп уәж айтатындар да бар. Тіпті қоян жылын жақсы жыл деп те бағалайды. «Қоян жылдың қозысы – сиыр жылдың тұсағы» деген мәтел – соның айғағы.

Қоянның қорқақтығына қарап «Қоян жылы туған бала қорқақ, ат үркек келеді» деп, қоян әлжуаз, қорқақ жануар болғандықтан, бұл жылы туған баладан ел қамын ойлайтын үлкен азамат шыға қоймайды деп санайды. Бірақ қазақтың 3 жүзінің басын қосқан атақты Абылай ханның қоян жылы (1711) туғанын ескерсек, бұл болжамның да түбі шикі екені байқалады. Демек, бұл – «қашқан қоян жатқан қоянды ала кетеді» дегендей, әлдекімнің қоянның бейнесіне қарап айта салған жай сөзі ғана. Яғни бұл қоян жылы туғандардың бәрі қорқақ, барыс жылы туғандардың бәрі батыр болады деген сөз емес. Қоян жылы құтты, ырысты жыл болсын. Ұлыс оң, жақсылық мол болғай!



ТАЛ ЕГІШ, ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

АҚШ-тың отыз екінші президенті Франклин Рузвельттің «Бір елдің өркениет дәрежесі өмір сүрген жерінде ағаш егу мәдениетін қалыптастырғанымен өлшенеді» деген керемет сөзі бар. Демек, өркениеттің бір өлшемі көшет отырғызып, оны күтіп-баптаумен сараланады.

**Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**

Жалпы, табиғат аясында үндестікпен ғұмыр кешкен ата-бабамыз «Жемісті ағаштың басы төмен» деп ырысқа балады әрі «Бір тал кессен, он тал ек» деп ескертті, ағаштың қадір-қасиетін дәріптеді. Қазір осы дәстүрден жаңылып, тым науқаншыл болып алдық. Көктем шыға көшет отырғызып, маз болып, ақпарат етіп жариялаймыз. Күзге дейін сол ағаш көктеп, жапырақ жайды ма, оған бас қатыратын адам аз.

Әлемде ағаш егу мәдениетін қалыптастыру мақсатында Халықара-

лық ағаш егу күнін атап өтеді. Тіпті Лесото, Уганда, Коста-Рика, Намибия, Танзания, Малави, тағы басқа елдерде ағаш егу күні бар. Бізге де Наурыз мерекесінде ағаш отырғызуды кең ауқымда насихаттап, мереке аясында жастарға ағаш егу мәдениетін сіңіру керек-ақ. Жыл сайын қалада және елді мекендерде көшет отырғызылып жатады. Бірақ оны уақытылы суару, күтіп ұстау жағы кемшін. Көшет отырғызылған жерлерді арам шөп басып жатады. Ал есепте «ол жерде пәленбай ағаш өсіп тұр» деп көрсетіледі.

Ағаш ексе, адамның күнесі жеңілдейтіні жөнінде аңыз бар. Ертеде бір жігіт

түс көреді. Түсінде әкесі шөл далада көлеңке іздеп жүріпті. Күннің ыстығынан табаны күйіп, жанұшыра айқайлайды. Жігіт шөп оянады. Ауыл ішінде жүз жасаған қарияға барып түсін жорытады. Сонда: «Балам, әкеңнің қабіріне ағаш ек. Әкең қабірде ауырлық тартып жатыр. Ағаш күнәсің жеңілдетеді» деп жориды. Бала ергесіне әкесінің моласына ағаш егеді. Оны күтіп, баптап өсіріпті. Бір күні тағы да түс көреді. Түсінде әкесі үлкен бір ағаштың көлеңкесінде жатыр екен.

«Мазар басына ағаш ексе, сауабы тіріге де, өліге де тиеді» деген сөз осы аңыздан үлгі боп жетіпті.

ҰМЫТ БОЛҒАН ҰЛТТЫҚ АС

Қазақ – ұлттық өнерімен, салт-дәстүрімен ғана емес, дархан көңілімен, қонақжай пейілімен, асты қадірлей білетінімен, бай дастарқанымен берекелі ұлт. Халқымыздың ас әзірлеу шеберлігі, етті сақтауы, малды баптауы, ұлттық тағамдарының жасалу технологиясының өзі – үлкен мектеп, ерекше үлгі. Қай заманда айтса да халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің де көзін, кезін, ретін таба білген.

**Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ**

Ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуды қазақ кең дастарқан арқылы, яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдысына дейін ерекше назарда болған. Сырттан келген кісілер де елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек, ұлт мәдениетінде тамақ, дәм татыру экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Бұл істе, әрине, қазақ халқының қонақжайлық дәстүрі шетелдерде ерте заманнан-ақ аңыз боп тараған. Қазақ қонақасы беруде қонақ тандауды, басқа ұлт, дін өкілдері деп бөледі

де білмеген, төрге шығарып, ашық қабақ танытқан, достық көңілін көрсеткен. Шаршағанына, мұқтажына ат, ас, көлік сыйлай да білген.

Қазақта, ұмыт болған ұлттық дәстүрлеріміз секілді, ұмыт болған ұлттық ас түрі жетерлік. Табиғи таза, ағзаға пайдалы ұлттық асты қолдану қай жағынан да тиімді. Құрамы дәруменге толы, әрі ас, әрі емдік қасиеті бар ұлттық тағамның бірі – жажүрек.

А.Құралұлының құрастыруымен шыққан «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі» еңбегінде «жажүрек» сөзіне бірнеше мысал келтіреді. Көбіне «жажүрек жауынгерлер» деген тіркес ретінде қолданылып, батыр, ержүрек, батыл деген мағынаны білдіреді деп көрсетілген. Қол бастаған батырлар



бір сөзінде «Осы жажүректіңіміздің қадірін кейін ұқтым ғой, ағайын!» деп жататыны да сондықтан. Одан бөлек, аңшылардың атып алған аңынан жасалатын тағам делінген. Яғни атып алған аңның сауыр еті мен майын орап, қақтап, далада пісіріп жеген. Аңшылардың аңды атып алғанда, сол жерде сауыры мен майынан жасайтын көуап тәрізді тағам. Жажүректі кейде үйде сойылған малдан да жасайды. Біз осы жолы зейнет жасындағы Айман әжеден жау-

жүректің жасалу жолын сұраған едік.

– Бұрынғы апаларымыз, аналарымыз, әжелеріміз өжеттік, батылдық, ерлікті ту еткен ер-азаматтарға арнап жауға қарсы шапқанда ерлеріміз батыл болсын деген оймен жажүрек тағамын дайындаған. Бауыр мен шармай қосылып дайындалғанда, батылдық береді екен деп есептелген. Бұл тағам жүрекке де өте пайдалы. Сондықтан жасап жүріңіздер. Өзі өте дәмді, пайдалы. Отба-

сыңызға, балаларыңызға, тіпті қонақтарыңызға да ұнайтыны сөзсіз, – дейді елордалық апамыз Айман Қайыргелдина.

Жажүректі жасауға көп нәрсені сатып алудың қажеті жоқ, шикі бауыр еті, қойдың іш майы (шармай), сүт болса болғаны. Бауырдың сыртындағы қабын алып тастаған соң орташа

бөліктермен ұзынша етіп бөліп аламыз да, бір сағатқа сүтке салып қоямыз. Сүтте тұрып, әбден жібіген бауырды алып, жақсылап жуған соң тұздаймыз. Сосын іш майды төрт бөлікке ыңғайлы етіп бөліп, бауырды салып, ораймыз. Тіс шұқылайтынмен түйреп, барлығын жасап шығамыз. Іші таза, шамалы қыздырылған құрғақ табаға оралған бауырды салып, шамамен 4-5 минуттай әбден қызарғанша қуырамыз. Қуырылған бауыр салынған табаның қақпағын жауып, бұқтырып алу қажет. 10 минутта дайын болған жажүрек тағамын ыдысқа салып, көпен әсемдеп, қызанақ немесе қиярмен бірге ұсынуға әбден болады.

Қазақ дәм татыруды достықтың, татулықтың, бірліктің, елдіктің сара жолы деп білген. Бұл дәстүр қазақ халқын мүлде даралап көрсетеді. «Қолынан дәм тату», «дәм тұзы жарасып», «дәмнен үлкен емес» деген сынды тіркестер арқылы салт-жоралармен тығыз астасып жатқанын байқаймыз. Балалық шақтағы ең аяулы естеліктеріміз туған үйдің қабырғасында әзірленген тағамның дәмімен байланысты екені рас. Ұлттық тағамдар дастарқанның сәні ғана емес, тәбеттің де кілтін ашатын таңғажайып десе де болады. Сондықтан апа-әжелеріміз жасаған, бүгінде ұмытыла бастаған ұлттық тағамдарды жасау, жастарға жеткізу – парыз.

БАЛАЛАР НАУРЫЗҒА НЕГЕ ҚЫЗЫҚПАЙДЫ?

Ұлыстың ұлы күнін жаңаша тойлау, балалар қызығатындай етіп өткізу туралы әр түрлі ой-пікір айтып, жазып жүргенімізге бірнеше жылдың жүзі болды. Бір өкініштісі, осындай ой-пікірлер, ұтымды ұсыныстар баспасөз бетінде, айтылған жерде қалып қояды. Мәдениет және спорт министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, я болмаса Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі осы мәселеге жауапты болып, арнайы бағдарлама жасап, іске асырса құба-құп болар еді. Бірақ... биыл да Ұлыстың ұлы күні сол «әйтеуір өткізу керек» деген немқұрайды ниетпен, ескі сарынмен өтетінге ұқсайды. Осы жерде Наурызды балалар асыға күтетін ұлттық мейрамға айналдыруымыз үшін не істеу керек деген сауалға өзіміздің ой-тұжырымымызды, ұсынысымызды айтайын.

**Төлен
ТІЛЕУБАЙ**

БАЙҒАЗЫ БЕРУ БАУЫРМАЛДЫҚТЫ АРТТЫРАДЫ

Наурыз – ұлттық әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді дәріптейтін төл мейрамымыз. Демек, ұлттық сана-сезіміміздің көкжиегін кеңейтеміз десек, ұлттық әдет-ғұрпымызды жаңғыртуға көбірек көңіл бөлуіміз керек. Наурыз күні қуанышқа кенеліп, масайраған ел-жұрт аппақ көйлегі мен жаңа киімін киіп, далаға шығады. Үй-үйді аралайды. Міне, осы жерде назар аударатын бір нәрсе бар. Ол – әр баланың көңілін көтеру, қуаныш сыйлау. Ол үшін не істеу керек? Әлбетте, сый-сияпат, тарту-таралғы беруге болады. Яғни жаңа киім киіп шыққан әр балаға байғазы беруді әдетке айналдырсақ, несі бар? Бұл жерде үлкендер де балаларға байғазы берсін, я болмаса балалар өздері бір-біріне көрмдік берсін. Ол әр баланың бір-біріне деген бауырмалдығын, қадірін арттырады. Татулық пен бірлікке үндейді. Бір рет сыйлық алған бала келер жолы бұл мейрамды тағатсыздана күтеді.

Жаңа жылды балалар неге асыға күтеді? Себебі жаңа жыл-

дық шыршаға киініп барып, Аяз атадан сыйлық алады. Баланы өзіне қарату үшін сыйлық берген Аяз ата санасында ізгіліктің символы болып қалып қояды. Жаңа жылдың балаларға жақын, мейірімді мереке болып кеткені осыдан. Демек, Ұлыстың ұлы күнін тойлағанда ең алдымен балаларды қуантудың жолын ойластыруымыз қажет. Мысалы, әрбір балабақшада, мектепте ең әдемі мерекелік костюмдердің байқауын өткізіп, барлық жаңа киім киіп шыққан балаларға тарту-таралғы жасайық. Жалпы, Ұлы күні таза, жаңа киім киіп шыққан балалардың бәріне әке-шешесі, туған-туысы байғазы берсін.

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ТӘТТІМЕН ТАБАЙЫҚ

Расында да, әр баланың қалауын, тілін табамыз десек, мерекеді тәттілерді аямайық. 14 наурыздағы Көрісу күнінен бастап 22 наурыздағы Ұлы күніне дейін балаларға жаппай тәттілер, мерекелік сыйлықтар үлестірейік. Бұл жұмысты жер-жердегі білім беру басқармалары, жоғары оқу орындары бір жүйеге келтіріп, бақылап, іске асыруы керек.

Тәттілерді, дәмді тағамдарды, жеңіл сусындарды жақсы көрмей-



тін бала кемде-кем. Қағазына ұлттық ойындар, салт-дәстүрлеріміз бейнеленген кәмпиттер, 0,5 бөтелкеге құйылған қымыз, шұбат шығарып, 9 күн бойы мейрам өтетін жерлердің бәрінде балаларға таратып берейік. Ол үшін ұлттық кәмпиттерді, өнімдерді шығаратын кәсіпкерлерге Үкіметтен алдын ала қаражат бөліңсін. Мысалы, Қызылордада шығатын Қазалының кәмпиттері қандай керемет! Осындай кәмпиттерді Түркістан да, Шымкент те, Қарағанды да шығара алады. Тек өндірісін дұрыс жолға қойсақ. Ұлтын сүйетін кәсіпкерлер, қазақтың байлары мұндайда қарап қалмайды деп ойлаймын.

Ұлы күнінде ұлттық нақышпен, бояумен жасалған ашық хаттардың да әсері ерекше болады. Әр балабақшада, мектепте балаларға ашық хат жазғызып, үйдегі үлкендерге сыйлау дәстүрін жаңадандырсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Әр балаға ашық хаттың мәтінін қаламмен жаздырған жөн. Бүгінгідей бала атаулы смартфонға телмірген цифрлы заманда әр баланың жазу, ойлау

қабілетін шыңдауға бұл таптырмас тәсіл. Киберманьяға қарсы тұрудың бірден-бір жолы – осы. Мені кез келген ата-ана қолдайды деп сенемін.

ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҚ ТАРТУ ЕТЕЙІК

Наурыз тойының кішкентай балалардың жүрегінен орын алмауының бір себебі – жасандылық көп. Қазір балабақшаларда, мектептерде Наурыз күні келін түсіру, қыз ұзату, тұсаукесер салтының шағын көрініс қояды. Мәнінше, мұндай жасанды көріністен гөрі асық ағудан, күрестен, арқан тартудан, бағанаға өрмелеуден, аударыспақтан, жаяу жарыстан, викторина сұрақтарынан сыйыс өткізсе, шынайы болады.

Жұмбақ айтысын, жыр-термелер жарысын өткізсін. 100 метр, 300 метр, 500 метр, 1 шақырым қашықтыққа жаяу жарыс өткізсе, балалардың бәрі қатысады. Озғандарға спорт киімдері, ұлттық нақышы бар нағыз қажетті сыйлықтар берілгені дұрыс. Бағанаға өрмелеу – өте қызық

ойын. Биіктігі 10 метр бөрененің басына бір қымбат бұйым ілінеді. Кімде-кім өрмелеп басына шықса, сол бұйымды сыйлыққа алады.

14-22 наурыз аралығында еліміздегі барлық мектеп асық ойнаудан, күрестен, жаяу жарыстан, тай жарыстан қалалық, облыстық чемпионат ұйымдастырып, өткізсе қандай керемет болар еді! Жарыстардың жүлде қоры да қомақты болуы керек. Жарыс жеңімпаздарын әр балаға қажетті сыйлықтармен марапаттайық. Сыйлық болған жерде бала да жүреді. Орта және жоғары буын сыныптарда оқитын балалар бір-біріне ұлттық сыйлықтар тарту етсін. Ұл балалар қыздарға шашбау, айна, тарақ, ұлттық әшекейлер сыйласа, қыз балалар ұлдарға қамшы, асық тарту етсін. Бір ғана асық атумен балаларды қатты қызықтыруға болады.

«ҚЫЗЫР ТҮНІ» ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ

Балалардың ғажайыпқа құмар, таңғаларлық нәрселерге қызығатынын бәріміз білеміз. Ұлыс тойында осыған «Қызыр түні» пайдалануға болады. Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыздың түнінде даланы Қызыр аралайды екен. Сол себепті осы түн «Қызыр түні» деп аталады. Қызыр – адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейінде көзге көрінетін қиял-ғажайып кейіпкер. Жақ-сылықтың жаршысы – Қызыр ата даланы аралап жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібереді екен. Міне, балаларды осы «Қызыр түні» қарсы алуға қызықтырайық. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сеніммен балалармен бірге үй ішіндегі жиһаз-мүліктің шаңын сүртіп, тазалайық. «Жыл бойы ақ мол болсын, береке-тоқшылық болсын» деп балалар үйдегі ыдыс атаулыны аққа (сүт, айран, шұбат,

уыз және т. б.) толтырып шықсын. Бұл «халық серуені» деген жасандылықтан гөрі әр отбасында Ұлыс күнін ұлықтаудың бір жолы деп білемін. Осындай нәрселер ұлттық мейрамның бұқаралық сипат алуына жол ашады.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ТОЙЫНА АЙНАЛСЫН

Наурыздың бар сән-салтанаты балдырғандар болсын десек, еліміздегі балалар қатысатын білім беру, ғылым, өнер, спорт және т. б. алуан түрлі сайыстың ақтық жарысын Ұлыстың ұлы күнінде өткізу керек. «Наурыз аруы», «Наурыз сұлтаны», «Наурыз палуаны», «Жыл оқушысы», «Жылдың үздік әнші баласы», «Жыл авторы» деген ұлттық байқаулардың жеңімпаздарын Ұлыс күнінде марапаттау жаңарған мейрамның қадір-қасиетін арттыра түседі. Мысалы, елімізде балалар әдебиетіндегі жылдың ең үздік жазушысы деген байқау марапаттаса қандай керемет!

ӘР ҮЙДЕН НАУРЫЗДЫҢ ІСІ АҢҚЫП ТҮРСЫН

Балалар Наурызға қызықсын десек, бұрынғы Наурызға қайтып оралуымыз керек. 80-жылдардың аяғында ауыл, аудандарда дүркіреп дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейінде көзге көрінетін қиял-ғажайып кейіпкер. Жақ-сылықтың жаршысы – Қызыр ата даланы аралап жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібереді екен. Міне, балаларды осы «Қызыр түні» қарсы алуға қызықтырайық. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сеніммен балалармен бірге үй ішіндегі жиһаз-мүліктің шаңын сүртіп, тазалайық. «Жыл бойы ақ мол болсын, береке-тоқшылық болсын» деп балалар үйдегі ыдыс атаулыны аққа (сүт, айран, шұбат,



**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Түркиядағы зілзалада зардап шеккен тұрғындарға көмек ретінде Қазақстаннан 100 киіз үй жіберілгені көпке мәлім. Кахраманмараш қаласында тігілген бұл үйлер баспанасы қирап, қара суықта аузын жылытып, жылы су ішерде қалқа болар пана таппай қиналған халықтың жүрегіне шуақ, тәніне қуат сыйлады. Әсіресе жойқын сілкіністен жүрегі шайлығып, шошынып қалған тұрғындарға сілкініске төзімді, қауіпсіз, кез келген уақытта жұрт ауыстырып, басқа жерге көшіріп тігуге болатын киіз үйіміздің ұнағаны соншалық, көп өтпей түрік ағайындар тағы 100 киіз үйге тапсырыс берді. Өткен жылдың соңында қазақтың киіз үйі соғыс жүріп жатқан Украина

елінде де тігілген болатын. Осының бәрін санаға салмақтасақ, қазақ киіз үйінің қадір-қасиеті тіпті биіктеп бара жатқаны байқалады.

БАҚ беттерінен «теңіз жағасындағы неше жүз жылдық тарихы бар салтанатты сарайлары қирандыға айналған кейбір түрік ағайындар енді қазақтың киіз үйін сатып алғысы келеді» деген ақпаратты оқығанда, ертедегі Қытай елінде өткен Бо Цзюй-и ақынның (772-846 жж.) «Киіз үй» деген өлеңі ойымызға оралды.

«Киізіне жүні кеткен мың қойдың,
Шаңырағы қабыңнан күнгейдің,
Әрі берік, әрі ыңғайлы, әрі әсем,
Дей алмаймын ағашына мін қойдым» деп бастап, соны: «Салтанатты сарайына патша мас, Сарай барлық үмітіңді ақтамас. Киіз үйдің құдіретіне жоқ талас,

Киіз үйің КИЕҢ БҰЛ...

Биыл наурызда қазақтың киіз үй мәдениетіне де баса назар аударылып, қала-аудан, ауылда ақ боз үйлер көп тігілді. Бұл – қуанарлық жағдай.

Сарайына бермеймін мен баспа-бас!» деп аяқталатын бұл өлеңге (аударған Несіпбек Айтұлы) киіз үйдің қадір-қасиеті сыйып тұр десек те болады.

Сәулет өнерінің жинамалы және жылжымалы үлгісі саналатын киіз үй сан мың жылдық тарихты бастан кешірді. Археологиялық қазба деректерден киіз үйдің қола дәуірінде қолданысқа түскені анықталды. Грек тарихшысы Геродоттың заманымыздан бұрынғы V ғасырда сақтардың киіз үйде отыратынын қағазға түсірсе, үйсін еліне келін болып түскен Қытайдың Хан династиясының ханшасы Ши-Джуннің: «Дөңгелек үй, туырлық там орнына,
Ет жеп, айран ішеді ас-суына» деп жырлағаны бар. Осыған қарағанда, зерттеушілердің киіз үйдің жасы «бес мың жылдан асып жығылады» деген межесі де негізсіз емес секілді.

– Көшпелілердің сан ғасырлық тәжірибесі, өмірлік қажеттілігі, өй-өрісі, талғам-танымы бір ғана киіз үйдің бойына шоғырланғандай. Олардың сұлулық туралы талғам-түсінігі, дүниені сұлулық заңдылықтарымен игеру мүмкіндігі, негізінен, осы киіз үй арқылы көрініс тапты, – деп жазады атақты ғалым Ақселеу Сейдімбек. Өкінішке қарай, сан ғасырдың сынағынан сүрінбей өткен киіз үйдің соңғы кездері заманның дамуына, өндіріс-тұрмыстағы өзгерістерге илесе, қолданыс аясы тарылуымен қатар, сән-салтанаты жағынан

да кетеуі кетіпкіреп барады. Киіз үйдің толық зерттелмеуі, дұрыс насихатталмауы да оны елеусіз қалдырды. Сосын да қазіргі таңда киіз үйдің орнын сырты киіз үйге ұқсас дүрегей үйлер басып барады. Киіз үймен байланысты ұмытылып бара жатқан атаулар да аз емес. Қолданылуына, үлкен-кішілігіне, тігілу әдісіне байланысты атауларды айтпаған күннің өзінде, киіз үйге қатысты балаған, шайла, ақтақыр, жоламай (жолым үй) сияқты баспаналардың заты түгілі, атын да білмейтін күйге жетті. Киіз үй қазақтың мәдени мұрасы дегенімізбен, мереке-мейрамдарда сән үшін тігілгені болмаса, кең-байтақ сахарадан да сиреп барады. Әсем астанамызға сән түрлі құрылыстық үлгісін әкелгенімізбен, киіз үй формасында жобанған бір құрылыс жоқ. Астанадағы АҚШ елшілігі ауласына киіз үй тігіп қойып, қадірлі қонақтары сол үйде қабылдап жатқаны да біздің билік басындағылар мен бизнесмендерге ой салатын түрі жоқ. Қазақстан «қазақ-қырғыз халықтарының киіз үй дайындау және тігу өнерін» ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енгіздік» деп мақтанғанмен, киіз үйді ұрпаққа дәріптеу жағынан парменді жұмыстар істеп жатқан жоқ. Тізімге енгенмен, киіз үй жасайтын шеберлерге ұлт өнерінің мұрагері ретінде қолдау көрсетілмесе, ертең киіз үй мұражайларда ғана қалып, тұрмысымыздан тысқары

қалмай ма?! Осы ретте Түркияға апарған үйлердің де көбінің сүйегі темір, жабындысы шекпеннен жасалған, ыстық пен суыққа қамсау болмайтын дүрегей үйлер. Сондықтан ендігі жерде дүние жүзі саяхатшыларының таңдайын қақтырған қасиетті киіз үйдің қазақ халқы үшін қаншалықты маңызы бар екенін ұрпақ санасына сіңіру айрықша маңызды. Ол үшін киіз үй жөніндегі зерттеуді, үгіт-насихатты күшейту керек. Қазіргі сұраныс қажетін ескере отырып, туризмді дамыту тұрғысынан киіз үйді жаңаша пайдаланудың жолын іздеп, киіз үй жасайтын шеберлерге мемлекет экономикалық жақтан көмек көрсету қажет.

Қазақ халқының адамзат мәдениетіне қосқан, тұтас әлем мойындайтын үлестерінің бірі жылқыны қолға үйрету болса, енді бірі доңғалақты арбалар жасап, оның үстіне киіз үй тіккені болуға тиіс. Тілімізде «күрен» деп аталатын бұл үйлер бірнеше тарихи фильмде көрініс бергені болмаса, қазір көп елдің санасынан өшіп тынғаны өтпек емес. Тіпті «күренді» моңғолға тәуелдейтіндер де бар. Шын мәнінде, әлемді билеген Шыңғыс хан әулетінің мақтанған шағында «дидар сұлу қыздарды қазақ күйіме мінгізіп» деген теңеуді пайдаланғанын ескерсек, күрен де қазақ өнерінің туындысы екеніне шүбәланбайсыз. Оның үстіне, күрен жайлы тарихи жазбалар да аз емес. Мынау сол сөзіміздің жанды дәлелі: «Олар тұратын үйлер ағаш кеспектерінен құрастырылып, бұтақтармен шабақталған, төбесінде жоғары қарай мойнын созып, ықшамдала түсетін оттықтікі сияқты дөңгелек түтігі бар арба үстіне орналастырылады да, үнемі аппақ болып жарқырап тұруы үшін ақ жүнге ақ топырақ, сүйек ұнтағын қосып басқан ақ киізбен қапталды екен. Үйлер мейлінше кең, ені – 30 фут, дөңгелектерінің арасы 20 фут болған. Осындай үйлі арбаға 22 өгіз жегілген (Гильом де Рубрук)» (Өзбекәлі Жәнібеков, «Жолайырықта»).

Соңғы кездері талдан үй ағаш басу мүмкіндігіміз де азайып ба-

рады. Орман қорғау орындары үй ағаш түгілі, шырпы сындырсаң, шырылдатқалы тұр. Қаңқасын темірден жасап ауыр. Жығып, тігуге қолайсыз. Аз уақыттан кейін тот басып, кір-қожақ болып кететінін білмей қойғанда, найзағай түсіп, өмірге қауіп төндіретіні тағы бар. Осы тұрғыдан алғанда, киіз үйдің қаңқасын әйнек талшықтан жасау жағын да қарастырып дұрыс сияқты. Бұған мысал болатын дайын тәжірибе де бар.

Осыдан бірер жыл бұрын Қытай қазақтарынан шыққан құрылыс инженері, қазақ киіз үйін зерттеушілердің бірі Болат Кәрібай әйнек талшықтан киіз үйдің қаңқасын жасады. Бұл киіз үйдің сыртың қарағанда байырғы үйден еш парқы жоқ. Көші-қонға қолайлы, жеңіл, тот баспайды, неше жыл өтсе де түсі таймайды, аумайды. Оның үстіне, бұл үй ұығының қаламы жоғы болмаса, қазақ киіз үйінің барлық ерекшеліктерін негізге алып жасалған. Керегесі желкез, көздің өлшемі, сағанағы, уығының ұзындығы, алақаны, шаңырағының тоғыны (шеңбері), күлдіреуіші, тиегі, уықтың бауына дейін қазақ киіз үйінің өлшемі бойынша жобаланған. Әрине, бүгінгідей дамыған заманда киіз үйдің сүйегі, сөзсіз, ағаштан жасалсын деген шарт та жоқ. Қазақстандық шеберлер де мұны ескеруі керек.

Қазір қалаларда тігіліп жүрген киіз үйдің көбінің сыртын ақ матамен жауып қоятын болды. Оның жел тосып, суықтан қорғайтын ешқандай рөлі жоқ. Яғни қазір киіз үйдің киізі жоқ. Себебі бұрынғыдай қозы қырқып, жүн сабап, күзем басып, үй жабатын малшы жоқ. Осының әсерінен қазақтың киіз жасау мәдениеті де жоғалып барады. Сондықтан біздің ел киіз үй мен киіз жасау ісіне ұлттық құндылық ретінде мән беріп, арнаулы киіз үй күнін атап өту сияқты тәсілдермен киіз жасау мәдениетімізді қайта жаңартуы қажет. Бұл мәселеге бүгін мемлекеттік деңгейде мән бермесек, ертең киіз үйді Қырғызстаннан импорттауға мәжбүр болуымыз әбден мүмкін.

РАМАЗАН – РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ АЙЫ

Қадірлі отандастар!
Сіздерді исі мұсылман баласы асыға күтетін, он екі айдың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа бірлік пен береке, бақыт пен шаттық тілеймін! Рамазан айы құтты болсын!



Алла Тағала қасиетті Құранда: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңе дейінгі қауымдарға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін сендерге де ораза ұстау парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят) деп баяндайды. Шарияғатымыз бойынша баллағатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда жолаушылар, науқас жандар мен сырқаты асқынып кетуінен қауіптенген адамдар, сондай-ақ жүкті немесе емізулі баласы бар әйелдер ораза ұстауды кейінге қалдыруына болады. Бұған шарияғатымыз рұқсат береді.

Рамазан айының қадірі мен қасиетін терең түсінген ізгілер оразаға алты ай қалған сәттен бастап: «Рабымыз, бізді Рамазан айына аман-есен жеткізе гөр!» деп дұға жасаған. Сан ғасырдан бері Ислам дінін рухани тірегі еткен халқымыз берекелі Рамазан айын ерекше дайындықпен күтеді. Сауаттар еселеніп жазылатын айда ауызашар беріп, көмекке мұқтаж жандарға пітір садақасын үлестіріп, үлкендердің алғысы мен бағасын алуға тырысады. Оразада игі ниетпен орындалатын ізгі амалдар бүгінде салт-дәстүрімізге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Рамазан – Алла Тағаланың мұсылмандарға берген ұлы сыйы, нығметі. Қасиеті мен шарапаты мол айда күнәларымыздан арылып, сауап жинауға, жан-дүниемізді тазартуға тырысқан абзал. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз үмбетін: «Бұл айда жәннат есіктері ашылады. Ораза тұтқан адамның алдыңғы және кейінгі күнәлары кешіріледі» деп сүйіншілеген.

Рамазанда ауыз бекіткен исі мұсылман баласы өзін

ішіп-жеуден ғана шектемей, жаны мен тәнін жамандықтан сақтап, ізгілікке ұмтылады. Іс-әрекетін мұсылманға тән әдеп аясында орындауға тырысады. Өйткені Рамазан – кез келген ізгі амалды риясыз ниетпен жасауға тәрбиелейтін, адамды тақуалыққа үйрететін ай.

Рухани кемелдену айы – Рамазанда барынша әдепсіз әрекет пен қате-кемшіліктен арылуды көздеген адам әдеп білмес жандардың дерекі әрекеттерін кешіріп, сыпайы түрде «мен оразамын» деп кешірім жолын ұстанады. Кісінің кемшілігіне сабыр ету де – үлкен сауап. Алла Тағала «Шура» сүресінің 43-аятында: «Әрине, кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің ең маңыздысы осы» деген.

Аштық пен шөлге төзіп, Алла разылығын алуды шынайы ниет еткен адамға берілетін сый мен құрмет ерекше болмақ. Алла Тағала құдси хадисте: «Аузы берік адам ішіп-жеуін Мен үшін доғарды. Ораза – Мен және құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Аузы берік құлымның аштық пен шөлдеу себебінен шыққан ауыз иісі Мен үшін миск өтірінен де қайырлы» деген.

Рамазан – Рабымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Берекелі, сауабы мол айда Алланың мейіріміне бөленіп, әрбір ізгі амалымыздың жақсылығы еселеніп жазылғай! Еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай! Жаратушы Жаббар Иеміз келер жылғы ораза айына аман-есен жетуімізді нәсіп етпей! Әмин!

Наурызбай қажы
ТАҒАНҰЛЫ, ҚМДБ
төрағасы, Бас мұфти

muftyat.kz

Рамазан 2023

Ораза кестесі

Тижри 1444 жыл

АСТАНА ҚАЛАСЫ

Рамазан айы	Апта күндері	Наурыз және Сәуір	Таң (Сәресі бітетін уақыты)	Күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам (Ауызашар уақыты)	Құптан
1	Бейсенбі	23 Наурыз	05:39	07:06	13:26	17:38	19:36	21:04
2	Жұма	24 Наурыз	05:37	07:04	13:26	17:39	19:38	21:06
3	Сенбі	25 Наурыз	05:34	07:02	13:25	17:40	19:40	21:08
4	Жексенбі	26 Наурыз	05:32	07:00	13:25	17:42	19:41	21:10
5	Дүйсенбі	27 Наурыз	05:29	06:57	13:25	17:43	19:43	21:12
6	Сейсенбі	28 Наурыз	05:26	06:55	13:24	17:44	19:45	21:14
7	Сәрсенбі	29 Наурыз	05:24	06:53	13:24	17:45	19:46	21:16
8	Бейсенбі	30 Наурыз	05:21	06:51	13:24	17:47	19:48	21:18
9	Жұма	31 Наурыз	05:19	06:48	13:24	17:48	19:50	21:20
10	Сенбі	1 Сәуір	05:16	06:46	13:23	17:49	19:51	21:22
11	Жексенбі	2 Сәуір	05:14	06:44	13:23	17:50	19:53	21:24
12	Дүйсенбі	3 Сәуір	05:11	06:42	13:23	17:52	19:55	21:26
13	Сейсенбі	4 Сәуір	05:08	06:39	13:22	17:53	19:56	21:28
14	Сәрсенбі	5 Сәуір	05:06	06:37	13:22	17:54	19:58	21:30
15	Бейсенбі	6 Сәуір	05:03	06:35	13:22	17:55	20:00	21:32
16	Жұма	7 Сәуір	05:00	06:33	13:22	17:56	20:01	21:34
17	Сенбі	8 Сәуір	04:58	06:31	13:21	17:57	20:03	21:36
18	Жексенбі	9 Сәуір	04:55	06:28	13:21	17:59	20:04	21:38
19	Дүйсенбі	10 Сәуір	04:52	06:26	13:21	18:00	20:06	21:40
20	Сейсенбі	11 Сәуір	04:50	06:24	13:20	18:01	20:08	21:43
21	Сәрсенбі	12 Сәуір	04:47	06:22	13:20	18:02	20:09	21:45
22	Бейсенбі	13 Сәуір	04:44	06:20	13:20	18:03	20:11	21:47
23	Жұма	14 Сәуір	04:42	06:18	13:20	18:04	20:13	21:49
24	Сенбі	15 Сәуір	04:39	06:15	13:19	18:05	20:14	21:51
25	Жексенбі	16 Сәуір	04:36	06:13	13:19	18:06	20:16	21:54
26	Дүйсенбі	17 Сәуір	04:33	06:11	13:19	18:08	20:18	21:56
27	Сейсенбі	18 Сәуір	04:31	06:09	13:19	18:09	20:19	21:58
28	Сәрсенбі	19 Сәуір	04:28	06:07	13:18	18:10	20:21	22:01
29	Бейсенбі	20 Сәуір	04:25	06:05	13:18	18:11	20:23	22:03

ЕСКЕРТПЕ:

- 21 СӘУІР – ОРАЗА АЙТ.
- СӘУІР АЙЫНЫҢ 17-НЕН 18-НЕ ҚАРАҒАН ТҮН – ҚАСИЕТТІ ҚАДІР ТҮНІ.
- ПІТІР САДАҚАСЫ ЖАН БАСЫНА 535 ТЕҢГЕ.
- ОРАЗА НИЕТИ: АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ РАЗЫЛЫҒЫ ҮШІН ТАҢ АТҚАННАН КҮН БАТҚАНҒА ДЕЙІН РАМАЗАН АЙЫНЫҢ ОРАЗАСЫН ҰСТАУҒА НИЕТ ЕТТІМ.
- АУЫЗШАР ДҰҒАСЫ: УА, ЖАРАТҚАН ИЕМ! СЕНІҢ РАЗЫЛЫҒЫҢ ҮШІН ОРАЗА ҰСТАДЫМ, САҒАН ИМАН КЕЛТІРДІМ, САҒАН ТӘУЕКЕЛ ЕТТІМ, СЕН БЕРГЕН РИЗЫҚПЕН АУЫЗ АШТЫМ. УА, КЕШІРІМДІ АЛЛА! МЕНІҢ АЛДЫҒЫ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ КҮНӘЛАРЫМДЫ КЕШІР!
- САҚТЫҚ ҮШІН СӘРСІН 10 МИНУТ ЕРТЕ ЖАБҮ.
- САДАҚАНЫ KASPI.KZ, HALYK HOME BANK, FORTEBANK, БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ, ASTANA-PLAT, ВЕРЕКЕ BANK МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗПОЧТА АРҚЫЛЫ АУДАРУҒА БОЛАДЫ.

ОРАЗАҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАҒАН ЖАН!

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ораза және намаз кестесін, ораза пітірінің мөлшерін бекітті.

Биыл Рамазан айы 23 наурызда басталады. Ал сәуір айының 17-сінен 18-іне қараған түн – қасиетті Қадір түні. 21 сәуір – Ораза айт. Биыл пітір садақа мөлшері – 535 теңге. Оның мөлшері еліміз бойынша екі келі ұнның орташа бағасымен есептеледі. Ал ұнның бағасы ҚМДБ-ның қала және облыс өкілдіктерінің берген мәліметі негізінде анықталды. Пітір садақасын құрма, мейіз бағасымен де беруге болады.

Пітір садақа Рамазан айында беріледі. Оны Ораза айт намазына дейін беру керек. Айт намазынан кейін берілген пітір садақа жай садақа болып қалады.

Оразаны алғаш рет ұстауға ниет еткен адамдар сәресі мен ауыз ашар дұғасын білмесе, сәресіде «Алланың разылығы үшін Рамазан айының оразасын таң атқаннан күн батқанға дейін ұстауға ниет еттім» деп; Ауызашарда «Жаратушы ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім. Сен берген ризық-несібемнен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнәмді кешіре гөр!»

деп дұға қылуға болады.

Кімдерге ораза ұстамауға болады? Шариятта қасиетті айда ораза тұтуды кей жандарға кейінге қалдыруға рұқсат етеді. Олар: жолаушылар; науқас адамдар; жүкті немесе омырауда баласы бар әйелдер. Сонымен қатар, індетпен күресте алдыңғы шепте жүрген дәрігерлер және басқа да мамандық иелері ораза ұстауға шамасы жетпесе, кейінге қалдыра алады. Аяғы ауыр әйел мен емізулі баласы бар әйелдер өздерінің және балаларының денсаулығы үшін қауіптенсе, ораза тұтпауына болады. Бірақ кейін қазасын өтеуі керек. Сосын Рамазан айында етеккірі келген әйел мен босанғаннан кейін қан көрген әйел ораза тұтпайды. Өйткені етеккір мен нифас қаны ораза тұтуға кедергі болады.

Қадір түні не істеу керек? Сәуірдің 27-інен 28-іне қараған түн – Қадір түні. Алланың мейірімінен үміт еткен әрбір адам Қадір түні кірместен бұрын дәрет алып, таза киім киіп, қасиетті түнді күтуге дайындық жасауға тиіс.

Қадір түні мың айдан да қайыр-

лы. Бұл түні жасалған ғибадат 83 жылдық сауапқа пара-пар делінеді. Мұсылман қауымының Қадір түнін асыға күтудегі тағы бір себебі – Жаратушыға жақындау. Бұл түні адамдардың сыртынан ғайбаттап, өсек айтуға, ішімдік ішуге, жанжалдасуға, дауласуға болмайды. Достармен көңіл көтеріп, ән айтуға, билеуге, сауық кештерін ұйымдастыруға тыйым салынады. Теледидардан ойын-сауық бағдарламалары мен фильмдерді де көруге болмайды. Оның орнына тәрбиелік мәні бар дүниелерді тамашалаған дұрыс.

Қадір түнінде түні бойы дастарқан жайып қою шарт емес. Мұсылмандар бұл түнді құлшылық етіп, шын жүректен өкініп, күнәлары үшін кешірім сұраумен өткізуге тиіс. Таңға дейін Қасиетті Құран кітабын оқып, дұға жасаған абзал.

Ораза айт күні таңертең сәресі ішілмейді, күндіз ауыз ашық болады. Ораза айт дастарқан жайып, дәмнен ауыз тиетін күн болғандықтан, Ораза айттың бірінші күні ауыз бекітуге тыйым салынған.



Дәстүр бойынша бұл күні мұсылмандар бір-біріне «Ораза айт қабыл болсын» деп жылы лебіздерін білдіреді. Ренжісіп қалған ағайын-туыс, жора-жолдас бір-бірінен кешірім сұрап, өкпе-назын ұмытады. Сонымен қатар Ораза айт мерекесінде тұрмысы төмен отбасыларға, жетім-жесірлерге қол ұшын созған абзал.

Қазақ халқында ораза айында жарапазан айтатын дәстүр бар. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Жарапазан рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің

тұсында тұрып жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар сауап болады деп жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды көсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазан айтатын екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады» деп жазады.

Жарапазанды көбіне балалар мен жасөспірімдер Рамазан айында үй-үйді аралап айтады. Ежелде жарапазан ораза ұстаған адамдарды ауызашарға ояту үшін

айтылған. Жарапазан айтушыларға әр үйден біреу шығып, тәтті тағамдар, кәмпит, құрт, кей кездері тыны-тебен ұсынған. Бұрынғы жас балаларға асық та сыйланышты.

Жарапазан мәтініне назар аударатын болсақ, өлең шумақтары үй иесін мадақтаудан басталатынын байқаймыз, ары қарай ислам дінінің шарттарын уағыздап, имандылыққа шақырып, өсиет айтылады. Осыдан жарапазанның негізгі мақсатын түсінуге болады.

Оразадан оразаға аман жетейік. Оразан қабыл болсын, ұстаған жан!

«ЕЛІМ-АЙ» – ЕЛДІК ДАСТАНЫ

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлдіреп жас келеді.

Қазақ тарихындағы ең бір қиын да күрделі кезеңді сипаттаған «Елім-ай» дастанынан күні кешеге дейін естіп, білгеніміз осы жолдар еді. Мықты қолбасшы, атақты жырау Қожаберген Толыбайұлының теңдессіз бұл туындысы жеті бөлім, 3683 шумақтан, 14732 жолдан тұратынын атақты тарихшы, академик Манаш Қозыбаев ерінбей есептеп шыққан. Әр қазақтың жадында сақтаулы осы бір қасірет пен қайғы тұнған жырдың шыққанына биыл – 300 жыл. Ол қалай атап өтіледі? Ұлтымыздың болашағы үшін аса маңызды мерейтойға мемлекеттік деңгейде маңыз беріле ме?

Райхан
РАХМЕТОВА

«Алқакөл сұлама, ақтабан шү-
бырынды» заманында туған, яғни
алғашқы нұсқалары 1723 жылы жа-
зыла бастаған жырда бұл соғыстың
себеп-салдары, маңызы, мазмұны
толық ашылып айтылған. Бірақ мұн-
дай дастан барын бұрынғы буын да
Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұрпақ та
дұрыс білмейді. Кеңес кезінде оның
авторының аты ауызға алынбады. 41
жыл ғұмырын қырғында өткізіп, қол
бастаған сардар болған Қожаберген
жырау 61-ге қараған шағында соғыс-
тың тұтану салдарын, оны өршілуге
аса пейілді Қытай мен Ресейдің
зұлымдығын, олардың сұрқия саяса-
тын жлік майын шағып талдайды.
Көреген саясаткер, қарақалпақ,
ноғай біріккен әскер жасағының
қолбасшысы, реформатор қазақ
Қожаберген жырау Әз-Тәукенің оң
қолы болған. Кейіннен қартайған-
да Абылайға да бата береді. Оның
«Елім-ай» жыры – халқымыздың ең
бір қасіретті кезеңінен мол мәлімет
беретін шерлі шежіре.

Академик М.Қозыбаев Тәуке хан
тұсында «Жеті жарғының» жазысуға
қалған Қожаберген жырау туралы
қалған би екенін айтады. Бұл туралы
жазушы Н.Әбуталиев жанама дерек-
тер тауып, Қожаберген жыраудың
өз жырларынан айғақ көрсетеді.
«Жеті жарғының» авторларының
бірі ретінде әрі «Елім-айымен» ұлт
тарихында ұлы құбылыс болып
қалған Қожаберген жырау туралы
тәуелсіздік тұсында ғана там-тұмдап
айтыла бастады. Кезінде өзге ел
архивтеріндегі деректерге жол
жабық болғандықтан, ғалымдар
жырау туралы нақты тұжырымдар
жасай алмады. Ғалымдар елімізде
Қожаберген туралы дұрыс насихат-
талмауына алаңдап, болашақ
ұрпақ үшін осы олқылықтың орнын
толтыру керек деп санайды.

Елімізде 2000 жылдардың басын-
да ғана Қожаберген туралы ғылымына
жол салынды. «Жеті жарғы» және
Қожаберген жырау» халықаралық
қоғамдық қайырымдылық қоры-
ның төрағасы, ҚР еңбек сіңірген
қайраткері, ҚР еңбек сіңірген
заңгері, заң ғылымының докторы,
профессор Бекет Тұрғараев жы-
раудың атын жаңғыртуға үлкен
жанашырлықпен кірісті. Солтүстік
өңірде бұл іске бел шешіп кірісіп
кету де оңай болмаған. Бұл туралы

кемеңгер жазушы Әбіш Кекілбаев:
«Біреу өмірде болды, біреу өмірде
болмады деп таласып-тартысып
жүрген Қожаберген жыраудың
бүкіл тұқым-теберімен, әулие ұр-
пақтарымен бәрін қайта тірілген
Бекет болды. Бекеттің сол қорды
басқаруының арқасында Қожабер-
ген даудан құтылды. Қожаберген
шын мәніндегі ғылыми факторға
айналды. Дәл осындай шаруалар
республикамыздың әр түкпірінде
істеліп жатыр» деді. «Елім-ай»
дастаны жөнінде алғаш айтқан
М.Қозыбаев солтүстікте жыраудың
туған өңіріне оған арнап айынды
ескерткіш орнатылса деп ұсыныс
айтты. Сол арманды Бекет Тұрғараев
орындады. 2013 жылы Үкімет қаулы-
сымен ұлы жыраудың 350 жылдығы
атап өтіліп, Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінде
үлкен ғылыми практикалық конфе-
ренция ұйымдастырылды. Петро-
павл қаласында мәдени іс-шаралар
өткізумен қатар, жыраудың туған
жерінде ескерткіш-биості қойылып,
Жамбыл ауданының орталық алаңы
Қожаберген атымен аталды. Мек-
тептер мен көшелерге есімі берілді.
Петропавл қаласында жыраудың
ат үстіндегі айынды ескерткіші
орнатылды. «Жеті жарғы және
Қожаберген жырау» халықаралық
қоғамдық қайырымдылық қорының
бастамасымен «Заманының заңға-
ры», «Мәңгілік елдің жыршысы»,
«Дауыпаз баба Қожаберген», «Елім-
ай» жыр кітаптары жарыққа шығып,
халыққа қайырымдылық есебінде
таратылды. Қор 300 жылдыққа
байланысты «Елім-ай» жырын 1000
дана тиражбен қайталап шыға-
рып, конференцияға қатысушылар
мен қалың көпшілікке қайырым-
дылық есебінен сатусыз таратып
беруге жұмыстанып жатыр. Қазақ
хандығының 550 жылдығында
«Елім-ай» жыры қайта басылып,
тегін үлестірілді. Түркістан облы-
сы Қазығұрт ауданында Шымкент
– Ташкент халықаралық күре
жолының бойындағы 45-шақырымда
тарихи этнографиялық «Мәңгілік
ел» саябағында «Батыр бабалар»
мемориалдық кешені орнатылып,
«Елім-айлап» көшкен ел» атты
тарихи панорама орнатылған.
Қазақ-қалмақ соғысынан мағлұмат
беретін «Отан қорғау шайқасы»
деген панорамалық көрініс те ел
тарихындағы алапат соғысты еске
салып тұрады.

«Елім-ай» – намыс жыры. Ұлттық
рух пен идеяның қайнар көзі. «Елім-
ай» – бірлік концепциясы. Ол шерлі
шежіре тілімен жазылған. Ел бірлігі,
алауыздықтан арылу, рушылық,
жүзшілдіктен тазаруға үндейтін,
алаш баласына қалған аманат еңбек.
«Елім-ай» – шынтуайтына келгенде
тірі тарих, тірі шежіре, бұлжымас
дерек-дәйекке негізделген теңдессіз
эпопеялық туынды, энциклопедия.
Кеңес өкіметі сол тарихи шындықтан
өлердей қорықты. Академик Қозы-
баев оны «Илиада» мен «Одиссеяға»
бекер теңемесе керек. «Елім-ай»-дың
жанрын зерттеушілер оны қисса,
дастан, тіпті шежіреге жатқызып,
әрқилы пікір айтады. «Елім-ай» ел
санасына алдымен, ән болып сіңді.
Бұл – құдіретті әуен, әуен хәм зар.

Бірқатар қазақ зиялылары «Елім-
ай» дастанының жазылғанына 300
жыл толуына байланысты биыл соны
мемлекет деңгейінде атап өту үшін
еліміздің осы жылы өтетін даталы
күндер тізіміне ендіріп, айтулы іс-ша-
ралар өткізуге ықпал етуін сұрап,
тіпті орындарға хат жолдады. Одан
бөлек, қазақ зиялылары осы жыр
мен Қожаберген Толыбайұлының
өмір жолдарын мектеп бағдар-
ламасына, оқулықтарға енгізуді
сұрады. Алайда ұсыныстың қалай
шешілгені туралы өзiрге мәлімет
жоқ. Сонымен қатар Қожаберген
Толыбайұлының шығармалары
мемлекеттік кітапханалардан орын
алып, мемлекет тарапынан «Елім-
ай» жыры қайта басылып шығуы
керек. Қысқасы, қан кешіп жүріп,
қылышпен жазылған осынау алапат
қиссаның 300 жылдығы елімізде
жоғары деңгейде аталып өтуі қажет.

Мемлекет басшысы әрдайым өз
сөзінде өткен тарихымызға, тари-
хи тұлғаларға құрметпен қарауға
және бұл мәселеде популизм мен
білімсіздікке жол бермеуге үндеп
келеді. «Елім-айға» осы көзқарас,
қазіргі өркениетті даму тұрғысынан
қарау қажет. Себебі ол ешқандай
аңызға қатысы жоқ, үш ғасырға
созылған сұрапыл, тірі тарихтың
өзі. Отанды сүю, отаншыл болу
тарихты танудан басталады. Тари-
хынды білу – рухани кемелденуге,
рух биігіне жасалған қадам. Рухы
биік ел ешқашан жеңілу, жалтақтау
дегенді білмейді. Демек, Оқу-ағарту
министрінен бастап, «Елім-айды»
толық мәтінмен мектептерде оқы-
ту, оқу бағдарламасына ендіру
міндеттелуі керек.



ТЕКПЕН ДАРЫҒАН ТЕКТІ ӨНЕР

Астананың солтүстік-шығысында 35 шақырым жердегі
Тасбұлақты (Софиевка) бағдар еттік. Мақсат – құсбегі Серікбек
Қунтуғанұлынан бүркіт ұстап, баптаудың қыр-сырын білу. Секең
далада бүркіттерін жемдеп жатыр екен. Амандық-саулықтан
кейін, тақырыпты тарқату үшін құс ұстау өнері туралы бірнеше
сұрақ қойдық.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

– Әкем Қунтуған бүркітші болған.
Оның әкесі, әкесінің әкесі саятшылық
жасап, бүркітті кие тұтқан. Текті өнер
атаның қанымен келген қасиет, – деп
бастады әңгімесін құсбегі.

Жексенбі күні – 19 наурызда қыс
соңғы рет серпіліп, мінез танытып,
қар себеледі. Далада ызғар бар. Алайда
ауыл адамдары көктемнің кезегі келерін
біліп, ауласын тазалап, қора-жайын
түзеуде. Енді бірі көктемгі егіс қамымен
техникасын сайлап жатыр.

Құсбегі Серікбек ашық кісі екен.
Бүркіттерімен таныстыра бастады.

– Қолымда төрт тазы, үш бүркіт, бір
қаршыға бар. «Ақбалақ» деген бүркіт-
тің жасы – 28-де. Әкем Тарбағатайдың
биік құзындағы ұядан алған-ды. 18
жыл өзі баптап, аңға салды. Әкем-
нен қалған аманат ретінде көзімнің
қарашығындай ұстап жүрмін. Абай
облысында жақын араласатын доста-
рым сыйлыққа бір бүркіт берді. Оны
«Қарашолақ» деп атаймын. Қарқаралы
жақта ұядан бір балапан құлап қалды
деген хабарды естіп, соны әкелдім.
Есім сойыл – «Алғыр», Қаршығаны
ауылымның қасынан ұстап алдым.
Оны «Найзатұяқ» деп атаймын, – деп
таныстырды бүркіттерімен ол.

Кезінде құсбегілік – өнердің асылы,
құсбегі қадірлі адам болғанын жақсы
білеміз. Әсіресе, ашаршылық заманын-
да бір бүркіт ұстаған құсбегі ауылды
асырағаны туралы аңыз көп. Қазір
тоқшылық заман. Бүркіт аулайтын
азын-аулақ қоян, түлкіге қарап оты-
рған ешкім жоқ. Алайда саятшылық
жасаудың жөні бөлек.

– Қолда бүркіт ұстағаннан кейін
саятшылық жасау әр қазақтың қанында
бар. Әкем Қунтуғаннан бүркіт ұстауды
үйрендік. Қазір ұлдарым Ерасыл мен
Диас деген ұлдарым үйреніп, жарыс-
тарға қатысып жүр. Аңға шығып,
бүркітті бір ұшырып, қоянға, түлкіге
салудың өзі – бір ганибет. Арқаланып
қаласың, – дейді ол.

Серікбек бүркіттерін айрықша жақ-

сы көреді екен. Жемдеген кезде атын
атап, қолбалаларын еркелетуге мән
береді. Яғни әр бүркіттің мінезіне
қарай сөйлеп, тамағын береді.

– Ұядан алған бүркітті «қолбала»
дейміз. Оларды аң ұстауға баулып,
алғашында ет байланған түлкінің
терісін жібереміз. Ал тұз құсы қолға
ұстағанда асау болады. Ол өте кекшіл
ерекше мейіріммен қарау керек. Күйлі
кезінде қолға түскен құс көпке дейін
берген жемді жемейді. Мінезді құсты
үнемі сылап-сипап, еркелетіп отырған
дұрыс. Сонда сұңқардың ашу-қытығы
жазылады. Тұз құсын алғаш тұғырға
отырғызарда ортаңғы саусағынан іле
ұстап, қондырған дұрыс. Әдетте, бүр-
кітті оң қолға қондырып, сол қолмен
томағалайды. Ескеретін жағдай қыранды
қолға үйренгенге дейін саусақтарын
үнемі жазып, тарап отыру керек. Бол-
маса, шеңгелі қарысып қалады.

Құстың ұйқысын алу немесе ырғаққа
отырғызамыз. Яғни, тұз тағысын тез
жуасыту үшін оның ұйқысын алады.
Ол үшін ырғаққа отырғызады. «Ырғақ»
деп екі дінгек ағашқа керіліп бай-
ланған арқанды айтады. Арқанның
дәл ортасына білек ағаш орнатып,
оған томағасын кигізіп асау құсты
отырғызады да, арқанда ырғап тербетіп
отырылады. Көзі байланып ырғақта
тербетілген құстың ұйқысы қашады,
қатты шаршайды. Сөйтіп, адамға
көңдіге бастайды, – деп тұз құсын
баптаудың сырымен бөлісті.

Серікбек Қунтуғанұлы Қазақстан
чемпионатында 5 рет үздік өнерімен
дараланса, ұлдары Ерасыл мен Диас ел
намысын Азия, әлем чемпионатында
қорғап жүр.

– Мен үшін құс, тазы, ат өмірімнің
мәні секілді. Осылармен ғұмырым сән-
ді өтіп жатқандай. Үйде бірі болмаса
жалғызсырап қалатындаймын. Өзімді
серіге жатқызбаймын. Тек қанмен
бойыма сіңген асыл өнердің дамуына
атсалысып жүрмін. Саятшылық өнер
ұрпақтан ұрпаққа өтіп дамыса деймін,
– деп сөзін түйіндеді бүркітші.

P.S: Қазақтың арғы-бергі тарихын зерттеушілер саятшылық
кәсіптің үш мың жылдай тарихы бар дейді. Ғалымдар
«Тамғалы» таста саятшының қыран құспен аңға шыққан сәтін
бейнелейтін өрнектерге екі мың жыл деседі. Ал түрік танымында
Тәңірлік ұғым бойынша құс көктің иесі, аспанның киесі, жоғарғы
әлемнің елшісі, қанаттылардың төресі саналған. Сондықтан
текпен келе жатқан асыл өнерді мектеп оқушыларына қосымша
сабақ арқылы беріп, саятшылық жайлы түсінік берсе дейді тас-
бұлақтық саятшы.



Наурыз мерекесі қарсаңында Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында Халықаралық жыршы-термешілер фестивалі өтеді. Астанада болатын бұл ауқымды мәдени шараға арнайы шақырылған туыстас түркі елдері өкілдерінің қатарында Өзбекстан Республикасының халық бахшысы Бахшықұл Кәрімұлы Тоғаев та бар. Таяуда ғана көршілес республиканың Сұрхандария уәлаятының орталығы – Термез қаласына сапар шегіп, осында тұрып жатқан танымал өнер майталманымен сұхбаттасуымыздың сәті түскен еді. Қазақ және қарақалпақ жырауларының, қырғыз жомоқшыларының (манасшыларының), башқұрт сәендерінің, түрік озандарының, әзербайжан ашықтарының, лақай сақыларының, ноғай кедайларының, саха олонхосуттарының, алтай кайчыларының, хакас хайджиларының, тыва тоолучуларының бір-бірімен тамырлас екендігін айта отырып, осы тұрғыдан өзбек бахшылығының бүгінгі жай-жапсары хақында бірсыпыра пікір алмастық.



қарай дамуына тікелей бастамашылық жасап, 2019 жылы Термез қаласында әлемнің 74 елінен 160-тан астам өнерпаз қатысқан Халықаралық бірінші бахшылар фестивалі өтті. Онда қазақстандық Ұлжан Байбосынова топ жарып, Бас жүлдені жеңіп алды. Мұндай шара әр екі жыл сайын өтіп тұратын боп шешілді. Екіншісі 2021 жылы Нөкісте өтсе, үшіншісі биыл сәуірдің аяғында Сырдария уәлаятының орталығы – Гүлстан қаласында болады деп жоспарланып отыр. Қамқорлықтың нақты бір көрінісі сол, қаламызда бахшылық өнерге мамандандырылған республикалық мектеп-интернат ашылды. Жатақхана салынып, іске қосылды. Президенттің өзі арнайы келіп, жағдайымызбен танысты. Мен осы білім ордасында ұстазым. Қазір еліміздің әр түкпірінен талап қылып, шығармашылық іріктеуден өткен отызға жуық ұл-қызды бахшылық өнерге баулып жатырмыз. Сондай-ақ тағы да осы Термезде Республикалық бахшылық өнер орталығы құрылды. Бұл Сұрхандария өңірінің бахшыларына көрсетілген құрмет әрі оларға жүктелген жауапкершілік деп түсінеміз.

– Жыл басы – Наурызды Қазақстан астанасында қарсы алғалы отырсыз. Қазақ ағайындарыңызға бір ауыз лебіңізді жеткізсеңіз.

– Термез – Өзбекстанның оңтүстік шаһары, ең ыстық нүктесі. Ерте көктем болғанына қарамастан, жейдешен жүрген жайымыз бар. Астаналықтарға бахшылар өлкесінің шуақты көңілін, жылы сезімнің сахна төрінен домбыраның үезі арқылы жеткізсем деймін. Жыл тек жақсылықтарға толы болып, әр әулетке бақ пен береке әкелсін. Екі ел арасында шығармашылық барыс-келіс көбейсін.

Әңгімелескен Амантай ШӘРІП, арнайы «Астана ақшамы» үшін – Термезден

– Бахшықұл ұстаз, сіздің есіміңіздің өзі өнеріңізден хабар беріп тұрғанды екен...

– Оныңыз рас. Бахшылық – Тәңірдің сыйы. Ол әркімнің пешенесіне жазыла бермейді. Анамның құрсағында жатқанымда әкем түс көріп, ақ сәлделі бір бабасы: «Ұлды боласың, оның бойына бахшылық қонады, қолына домбыра ұстайды» деп аян берген. Содан атымды осылай қоймасқа амалы қалмапты. Шынында да, алты жасымнан бастап қошқы (өлен) айтуға ынтызарым ауып, он бір-он екі жасымда топ алдында домбыра шалуға жарадым. Шын мәнінде бахшылықты ұстаздың батасын алмай меңгеру – екіталай нәрсе. Оның қасында айлап емес, жылдап жүріп, сан алуан сынақтан өтуге тура келеді. Менің бағымды ашқан тәлімгерім – Шоберді бахшы Болтаев. Оның шеберлігіне неміс тұрқолы Карл Райхл, француз зерттеушісі Жан Дюринг таңдай қағып, кітап жазған, фильм түсірген. Президенттің Жарлығымен «Өзбекстан Республикасының халық бахшысы» атағын бірінші болып иемденген де – сол кісі. Ұстазымның жолын

Бахшықұл ТОҒАЕВ:

«ДОМБЫРА – ЖАНЫМНЫҢ АЖЫРАМАС БІР БӨЛШЕГІ»

қуып, өзімнің де сондай мәртебеге жеткеніме шексіз бақыттымын. Ал Шоберді бахшының ұстазы Құшбақ башы Мардонақұллы қазір сексеннің үстіне шығып, бәрімізге төреші болып отыр. Оны жұрт «ұстаздардың ұстазы» дейді.

– Хош, жоғарыда айтқаныңыздай, сіздердің Байсынды қазақтар өздері қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қиял мекен – Жиделі Байсынмен сабақтастырып жатады. Түріміз де, тіліміз де ұқсас. Қолыңыздағы аспаптың аты да сол – домбыра...

– Әлбетте, біздің арғы тарихымыздың түйсетін тұстары көп. Қоңырат ұрғуы (руы) қазаққа да, қарақалпаққа да, өзбекке де бар. Бахшылардың басым көпшілігі солардан шыққан. «Арпа ішінде бір бидай секілді» болып, мен катаған ұруғынанмын. Байсын – кіндік қаным тамған

жер. Соның таңғажайып сұлу табиғаты мен қаймағы бұзылмаған дәстүрінің аясында тәрбиелендім. Бала күнімде түнге қарай майшамның жарығымен кітапты көп оқитынмын, бірақ орта мектеппен шектелдім. Менің жоғары білімім жоқ. Жастайымнан шопанның таяғы мен бахшының домбырасын қатар ұстаған адаммын. Біздің домбыраның көзге ұрып тұратын айырмасы – шанағында үш тесік бар, мойнында пернесі жоқ. Содан шығар, «бахшылықта нота болмайды» деген сөздер әрі қалжың, әрі қағида ретінде құлаққа шалынып жатады. Қобызға да перне тағылмайды ғой. Мұның әлдебір сыры мен себебі болса керек. Сосын қой бағып жүрген уақытымда домбыраға сол түліктің ішегін тағатынмын, бірақ ол ұзақ сабысқа шыдамай үзіліп қала беретін...

– Репертуарыңызда қандай туындылар бар? Оларды тарату жолдары қандай? Қай дастаншылық мектептің өкілі саналасыз?

– «Алпамыс», «Көроғлы», «Айбарша», тағы да басқа дастандарды жатқа айтамын. Термелерді орындаймын. Өз тарапыман толғаулар мен күйлер шығарамын. Халықтың асыл қазынасына айналған фольклорлық мұралардың сюжеттік желісін өзгертуге хақымыз жоқ. Ал оның әрбірін көркемдік сипатын жетілдіріп, өнерпаздық қабілет таныту әр бахшының өз ықтиярында деп ойлаймын. Тындарманың жақсы болса, илһамың (шабыт) оянып, қиюы көлмен тасық сөз өздігінен көмейіңнен төгіле береді. Шығарманың сөзін өзгертеп орындайтындырды «жарлап айтушылар» дейді. Бахшылардың дастан айтқан кезде пайдаланатын нағмалары

(әуендері, мақамдары) да әрқилы. Бізде бахшысыз той-томалақ өтпейді. Мұның тәрбиелік мән зор. Мерекелік жиындардың төрінен де жиі көрінеміз. Ел ішінде, сондай-ақ халықаралық деңгейде ұйымдастырылатын музыкалық-поэтикалық фестивальдарға қатысамыз. Біздің орындауымыздағы дастандар мен термелер қазір ютуб арналарына да жайғастырылған.

Бахшылық өнер ұстаздан шәкіртке, тіпті көп жағдайда атадан балаға мирас боп келеді. Мен – негізін Шерна бахшы қалап берген, Сұрхандария мен Қашқадария аймағындағы Шерабад дастаншылық мектебінің өкілімін. Оның таралған жерлер негізінен Сұрхандария уәлаятының Шерабад, Байсын, Қызырық, Құмқорған, Денау, Шурчы, Қашқадария уәлаятының Шахрисабз, Китоб, Қамашы, Чирокчы,

Фузор, Дехқонобод түмендерін (аудандарын) қамтиды. Өзбекстанда мұнан басқа, Бұлыңғыр (Самарқанд), Қорған (Бұхара) және Хорезм дастаншылық мектептері бар деп есептеледі. Олардың әрқайсысы өз ерекшеліктерімен мәлім.

– Өзбекстандағы бахшылық өнердің даму жағдайына баға бере кетсеңіз...

– Өткен ғасырдың елуінші, алпысыншы жылдары солақай саясаттың салқынынан бахшылық өнер ошақтары сөне жаздаған. Мысалы, «Алпамыс» дастаны теперішке ұшыраған кезеңдер болды. Бахшылардың санын саусақпен санауға қалғандай жағдайға жеттік. Бірақ халықтың жүрек түкпірінде жатқан нәрсе оңайлықпен жоғалып кетпейді екен. Тәуелсіздік тұсында бахшылық қайта жанданды. Мемлекет басшысы Шавкат Мирзиёев осы ұлттық өнеріміздің әрі

ҮЛКЕН САХНАДА – ҰЛТТЫҚ ӨРНЕК

URKER тобы мен «Астана Балет» театры симфониялық оркестрінің бірлескен концерті танымал топтың 30 жылдығы мен елордалық театрдың 10 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып, 21-22 наурызда «Астана Балет» театрының сахнасында өтеді. Көрермен қауым нағыз кәсібилік пен жанды дауыста, симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен шырқалатын әндерді тыңдап, құлақ құрышын қандырары анық.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«Астана Балет» театры симфониялық оркестрімен бірлесіп, мерейтойлық концерт өткізу – URKER тобының дамуындағы кезекті әрі заңды белес деп білемін. Енді біздің әндерімізге байтақ даламыздың симфонизмі бар, ұшы-қиыры жоқ кеңістігіміз бен сазды әуендеріміз сезіледі. Поп-музыканттардың классикалық оркестрмен осы тектес бірлескен концерттері тыңдарман қауымның қызығушылығын арттыра түсері даусыз» дейді URKER тобының басшысы, әрі композиторы Айдос Сағат.

Айдос Сағаттың жетекшілігімен 1993 жылы құрылып, осы уақыт аралығында құрамы да солистері де әлденеше рет ауысқан, тіпті, бір кездері көпшілік алдына мүлдем шықпай қойған бұл топ көпшілікке Наурыздың бейресми әнұранына айналған «Наурыз», лирикалық иірімдерден өрілген «Жаным», «Махаббат әні», «Сәулем-ай», «Әсел», «Я буду рядом», «Сен», патриоттық «Туған елім», «Мой Казахстан» және тағы басқа әндерімен етене таныс. Музыкалық топтың бұл әндері біздің ортақ мәдени тарихымызға айналды.

«Симфониялық оркестрдің орындауында түрлі жанрдағы музыка дәріптеліп жатқанына қуанамыз. Симфониялық оркестрге лайықталған әлемдік рок-поп музыканы орындау бойынша ұжымның тәжірибесі бар. «Астана Балет» оркестрі URKER тобының сүйікті әндеріне тың леп беріп, жаңа реңге бөлейтініне сенімдімін. Біздің оркестрдің көптеген әртістері осы әндерді тыңдап, ер жетті десек болады. Сол себепті, Наурыз мейрамы кезінде бәріміздің сүйіп тыңдайтын әндерімізге айналған шығармаларды симфониялық



оркестрдің сүйемелдеуімен орындау – біз үшін мәртебе десек те болады» деген оймен бөлісті, оркестрдің менеджері Айжан Хайдар.

Мерейтойлық концерт уақыт пен кеңістіктегі саяхат іспетті болып қана қоймай, елорданың мәдени тынысындағы нағыз құбылысқа айналды. Наурыз мейрамына орайластырылған концерт Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылмақ.

«АСТАНА БАЛЕТ» ТЕАТРЫНЫҢ НАУРЫЗҒА ТАРТУЫ

25 наурызда «Астана Балет» театры сахнасында «Ұлы Дала

мұрасы» концерттік бағдарламасы көрсетіліп, көрермен қауым қазақтың сайын даласына саяхат құрғандай күй кешеді.

Кеш бағдарламасында ел ішінде ғана емес, шет елдерде де зор қошеметпен қабылданып, көпшіліктің ықыласына бөленген билер топтамасы көрсетіледі. Көрермен қауым еліміздің би өнерінің тарихындағы жарқын тұлғалардың бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айгүл Тәти мен Мукарам Авахридің шығармашылығымен таныса алады. Бұл бағдарламада этнографиялық элементтер заманауи хореографиялық шешімдермен, жарқын бейнелермен, қызықты драматургиямен үйлесіп, аста-сып жатыр. Әрбір миниатюра – көшпелі ел дүниетанымының сан қырлы фәлсафасын мейлінше аша түсетін әпсана іспетті.

Хореограф Айгүл Тәти жаңа стилистикалық тәсілдерді іздеп, музыка, қимыл мен костюмнің тың үндестігін табуға ұмтылғанымен, мұрамызға айналған бидің ұлттық өрнегін барынша сақтауға күш салады. Сонымен қатар, оны ой елегінен өткізіп, пайым өлшеммен екшелейді: «Мен өзімізге дейінгі режиссерлік тәсілдердің құрсауында қалмай, бізге дейінгі қойылым стилінен мейлінше ашақтауға тырыстым. Мен дәстүрлі қазақ биінің шеңберінде қалмай, жаңа форма іздеуге, қазақы болмысымызды аша түсетін тың дүниелерді табуға тырыстым».

Бұл би топтамасын бірнеше сөзбен сипаттауға болар: Ұлт болмысына үңілу. Дәстүрді сақтап, қастерлеу. Жаңа формалардың мінсіздігі.

«ЖЕТІ ҚАЗЫНА» ПРЕМЬЕРАСЫ

2022 жылдың желтоқсан айында I республикалық «Ашық сахна» байқауы аясында тәжірибелі және енді ғана қанат жая бастаған либреттистер, композиторлар, хореографтар мен сценаристтер өз жұмыстарын қазылар алқасының құзырына тапсырған болатын. Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен талапкерлер қатысты. Жеңімпаздарды салтанатты марапаттау рәсімі мен байқаудың айналады шығарған «Жеті қазына» хореографиялық миниатюрасының премьерасы «Астана Балет» театрының сахнасында 2023 жылғы 1 мамырда өтеді.

«Ашық сахна» байқауы – биылғы маусымның керемет эксперименті. Біз үнемі ізденіс үстіндеміз. Тың идеяларды жүзеге асырып, театр өнері саласында жаңа есімдерді, жаңа дарындарды анықтауға тырысамыз. Идеялары көл-көсір дарынды қоюшыларымыз көп екенін зор сеніммен айта аламын. Осы байқау жыл сайын өтетін дәстүрлі байқауға айналады деген үмітіміз бар» деген оймен бөлісті театрдың көркемдік жетекшісі Нұрлан Канетов.

«Жеті қазына» хореографиялық миниатюрасының премьерасы «Ұлы Дала мұрасы» дивертисментінің көрсетілімі барысында, «Астана Балет» театрының сахнасында 1 мамырда өтетін болады. Қойылым авторлары қазақ халқының болмысын салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы арқылы көрсетеді. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы фәлсафалық түсініктердің бірі – «Жеті қазына». Қойылымға осы ұғым негіз етіп алынған.

№33-34 (4467) 21/03/2023 Сейсенбі



«МАХАББАТ СУСЫНЫНАН» ДӘМ ТАТҚЫЗДЫ

«Астана Операда» Г.Доницеттидің «Махаббат сусыны» жарқын комедиялық операсында театрдың тамаша солистерінің айтулы дебюттеріне елордалықтар куә болды. Адина мен Немориноның басты партияларында сахнаға алғаш рет танымал опера примасы Жаннат Бақтай мен керемет тенор Артур Габдиев өз өнерлерін көрсетті. Спектакльдер қойылымның музыкалық жетекшісі, театрдың бас дирижері, әлемге әйгілі маэстро Алан Бөрібаевтың басқаруымен өтті.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Жетекші солист Жаннат Бақтай театр сахнасында бірқатар ұмытылмас бейнелер жасады. 15 наурызда әйгілі әнші-сопрано көпшіліктің алдына Адина сұлу-дың бейнесінде шықты.

– «Махаббат сусыны» операсымен кездескен әрбір жанды спектакль өзінің энергетикасымен, өмірге деген құштарлығымен, жастық жалынмен жігерлендіреді, сондықтан мен оны энергетикасы мықты шығарма деп атар едім. Сахнадағы және оркестрмен бірге жылдам екпінмен орындайтын әрістер орындаған музыкадан көрермендер таңғажайып әсер, драйв алды, – деді Жаннат Бақтай.

– Спектакльдің қоюшы режиссері Арно Бернар – француз

мектебінің өкілі. Бұл мектеп басқарынан қатты ерекшеленеді, ол үнемі қозғалыстағы, шығармашыл, қызықты саналады. Бүгінгі таңда маэстро Бернар – дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы опера режиссері, – дейді әртіс.

Танымал әнші Гаэтано Доницеттидің көзі тірісінде көптеген опералар жазғанын, өз заманының өте табысты композитор болғанын айтты, ал «Махаббат сусыны» ол небәрі екі аптада жазып шыққан.

– Доницетти опера композиторлары мен орындаушылары үшін үлгі болып қала береді. Көптеген авторлар оның спектакльдерін тамашалауға келіп, тәжірибе алған, осы туындылар арқылы шеберліктерін шыңдаған.

– Менің кейіпкерім – өте талғаммен, жанрдың үздік ере-

желерімен жазылған, оларда барлығы өте ұғынықты, көңілге қонымды, дұрыс, оларды классика стандарты деуге болады. Мен Адинаның партиясын операдағы беткеуштар партия ретінде қабылдаймын. Осы бейнеде сахнаға шығу – мен үшін үлкен жеңіс. Әлбетте, Доницетти секілді кемелгер композитордың музыкасын Арно Бернар секілді бірегей режиссердің қойылымында әйгілі маэстро Алан Бөрібаевтың жетекшілігімен үздік әлемдік театрлардың бірінде орындағанымыз мақтаныш етеміз, өзімді өнер иесі ретінде шексіз бақыттымын деп есептеймін. Атақты суретшілер Эцио Фриджерио мен Франка Скуаррапиноның декорациялары мен костюмері де керемет, – деді Жаннат Бақтай.

– Менің кейіпкерім – өте мейірімді, қарапайым, ашық,

көңілді, бірақ сонымен бірге ол өз махаббаты үшін соңына дейін күресуге даяр, батыл жас жігіт. Бастапқыда оның көңілі қалса да, кейін ол қайткенмен өз дегеніне жетеді. Романтикалық махаббат жайлы армандай отыра, ол әдемі, асқақ сезімге құштар. Кейіпкердің бейнесі лирикалық қырлармен бөлініп берілген, бұлар оны орындаушылар үшін де, көрермендер үшін де ерекше тартымды етеді, – деп пікірімен бөлісті Артур Габдиев.

– Менің ойымша, Неморино – бұл армандауға тұрарлық партия, ол кез келген тенордың ең сүйікті партияларының бірі және әрбіреуі онда өзіне жақын дүниені табады. Сонымен қатар бұл – өте күрделі партия, онда түрлі ансамбльдерді көруге болады. Операның басынан аяғына дейін сахнадан туспей, «демалмастан» ән айту керек. Гаэтано Доницеттидің жауһарын орындау, ең алдымен, вокалистер үшін маңызды, әрі пайдалы екенін атап өту қажет. Себебі Доницетти мен Беллинидің туындыларында ғана солистің шеберлігі анықталады, өйткені олар – «белконтон» дәуіскер техникасын мектебінен өткендер.

ЛЮКСЕМБУРГТЕ КҮЙ КҮМБІРЛЕДІ

20 наурызда Наурыз мерекесіне орай Люксембург елінде Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы «Сарыарқа» халық музыка ансамблінің концерті өтті.

Астана қаласы әкімдігінің Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Сарыарқа» халық музыка ансамблі Люксембург елінде осынау Наурыз

қалды. Кешке Мәдениет саласының үздігі Қарагөз Гасимова, Халықаралық және Республикалық байқаулардың лауреаттары Жақсыгелді Маясаров, Омар Райхан,



мейрамына арналған үлкен концерт өткізеді. Кеш аясында Құрманғазының «Адай», «Балбырауын», «Қуаныш», Тәттімбеттің «Саржайлау», Дәулеткерейдің «Көроғлы», Сүгірдің «Бозинген», Қайрақбайдың «Өрелі кер», Шал Мырзаның «Ташауыз», Еспайдың «Терісқақпай», Әсет Дөненовтың «Көңіл көктемі», Серік Еркінбековтың «Шолпы», Қарагөз Гасимованың «Аңыз дала», Бәден Айсының «Наурыз», Тоғжан Жахиннің «Сарын», Ержан Тоқсабановтың «Ортеке» сынды күйлері мен шоқтығы биік шығармалары орындалып, Халық әндері «Сары бидай», «Самалтау», «Жорғатай», «Қараторғай», Иса Байзақовтың «Желдірме», Бәкір Тәжібаевтың «Ақбұлақ», Кенен Әзірбаевтың «Жаса Қазақстаным» сияқты тағы басқа таңдаулы әндер шыр-

Әділет Сейтқұлов, Өзгеріс Шерікбай, Ержан Тоқсабанов, «Шалқыма» халық би ансамблі қатысты. «Сарыарқа» халық музыка ансамблінің көркемдік жетекшісі – Мәдениет саласының үздігі Тоғжан Жахин.

Ата-баба аманатын арқалаған ансамбль осылайша ұлттық өнерміздің өрісін кеңейтіп, Еуропаның төрінде ұлықтап қайтты. Ұлттық музыканы дәріптеп жүр. Ұлттық саз аспаптарының сиқырлы дауысы, шебер орындауы, келісті ұлттық костюмдер мен керемет халық әндері мен күмбірлеген күйлер шетелдіктерді тамсантады, таңдай қаққызды, тың серпіліс туғызды. Ұлттық мәдениеттің баға жетпес жәдігері, бояуы тұнық, сырлы, сиқырлы әлем – ұлық өнеріміз бен дәстүріміздің ғұмыры ұзақ болғай!

МҰЗ ҮСТІНДЕГІ САЙЫС

Астана қаласында «Алау» мұз айдынында шорт-тректен Қазақстан чемпионаты аяқталды. Ел ішілік бәсекеде үздік елордалық спортшылар табысты өнер көрсетті.



Әйелдер арасында жерлесіміз Мадина Жанбосынова жарыста алдына жан алмады. Әлия Әмірғалиева (Қостанай облысы) мен Яна Хан (Ақмола облысы) үздік үштікті түйіндеді.

Аралас эстафетіде Ақмола облысының шорт-трекшілері чемпион атанды. Қостанай облысы күміске, Астана қаласы қолаға ие болды.

Көпсайыста ерлерден Денис Никиша (Ақмола облысы) жеңіске жетсе, Еркебұлан Шамұханов (Ақмола облысы) пен Нұртілек Қажғали (БҚО) одан кейін тұғыр сатысына көтерілді. Әйелдер арасында Ольга Тихонова (Ақмола облысы) бірінші болса, Мадина Жанбосынова (Астана қаласы)

күміс, Яна Хан (Ақмола облысы) қола медальді еншіледі.

Спринтерлер сайысында (500 метр) Денис Никишаға тең келер ешкім болмады. Еркебұлан Шамұханов екінші, елордалық Абзал Әжғалиев 3-орын алды. Әйелдер арасында ақмолалық Яна Хан чемпион атанса, жерлесіміз Мадина Жанбосыноваға қола медаль бұйырды.

Ерлер эстафетасында (5000 метр) Ақмола облысы мәреге бірінші келді. Одан кейін Астана қаласы мен БҚО командасы жетті. Әйелдер эстафетасында (3000 метр) Қостанай облысы жеңімпаз атанса, БҚО күміс, Шымкент қаласы қола жүлде алды.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «АРҒЫМАҚ» АТ-СПОРТТЫҚ САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ» МКҚК БАСШЫСЫ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС

«Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны басшысының бос лауазымына конкурс жариялайды.

Лауазымдық жалақысы – 173 722 теңге

Конкурстың өткізілетін орны:

«Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 33, 404-кабинет, анықтама телефондары: 8 (7172) 55-75-69, 8 (7172) 55-75-63, электрондық поштананың мекенжайы ns_sport@astana.kz

Құжаттарды қабылдау мерзімі – 15 (он бес) күнтізбелік күн. Құжаттарды қабылдау конкурсы өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан

кейінгі) білім; «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық; мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

Лауазымдық міндеттері:

қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды; ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды; спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді; педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды; барлық құрылымдық бөлімшелердің

олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады;

лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жеке-леген бағыттарын жүргізуді тапсырады; қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық қызметтерінің есебін ұсынады; ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурсқа мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған немесе жұмыс орнынан кадр қызметімен куәландырылған көшірмесі;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 30 қазандағы ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сотқа тартылуы жоқтығы туралы анықтамасы;
- 7) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, 3x4 сурет (2 дана).



ЖЫЛ БАСТАУЫ – Наурыз

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі Тәуелсіз Қазақстанның жерінде жасампаздық пен жаңашылдықтың салтанат құруымен құнды. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүниежүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында ежелден орын алатыны белгілі. Ал осындай көне мерекенің жаңаша сипат алуы Қазақстан жерінде ұлттар арасында бірліктің нығаюы деп білеміз. Осындай пікірімізді растайтын үлкен іс-шараның куәсі болдық.

Астананың Байқоңыр ауданына қарасты Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Наурыз – жыл басы» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Орталықтың қызмет алушылары үлкен дайындықпен аталмыш мерекені өте жоғары деңгейде атап өтті.

Мерекелік кеште орталық жетекшісі Роза Байсалбаева кіріспе сөз сөйлеп, құттықтап, өз тілегін білдірді.

«Құда түсу» және «Бұлақ көзін ашу» дәстүрі сахналық қойылым түрінде орындалды. Сонымен қатар «Пішу және тігу» үйірмесінің жанынан киізден жасалған және тоқыма бұйымдар мен ұлттық қолданбалы өнер туындысы «Басқұрдың» түрлері көптің назарына ұсынылып, олардың қызығушылығын арттырды. Одан іс-шара мерекелік концерттік бағдарламаға жалғасты.

Мерекеге арнайы шақырылған танымал ақын, Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі Жанайым Ауғанбайқызы көпшілікті Наурыз мерекесімен құттықтады. Ақын бірнеше авторлық өлеңдерін оқып, қатысушылар ықыласына бөленді.

Жиында бата берудің үлгісі көрсетіліп, шашу шашылды. Дәстүрдің мағынасы баса айтылды. Сонымен қатар халық әндері бірнеше тілде шырқалды. Топтық билер де орындалды.

Орталықта елорданың Байқоңыр ауданына қарасты зейнет жасындағы қала тұрғындары әртүрлі үйірмелерге қатысады. Олар – саналы ғұмырын еңбек етуге арнап, барынша белсенді өмір сүруге кіріскен жандар.

Бүгін біз куә болған іс-шарада олар өздерінің өмірге құштарлығын паш етті. Наурыз, көктем, табиғат туралы өлең шумақтарын жатқа мәнерлеп оқып, жиналғандарды қуантты.

Маржан ПІРІМБЕТОВА,
орталық оқытушысы,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің мүшесі

ҰЗДІК ПЕДАГОГ

Қоғамда енжарлық, тоғышарлық, масылдық келеңсіз көріністер жиі белең алған шақта, еңбек етуге ынта мен жігер азайған тұста еңбек адамына құрмет ерекше болуы тиіс. Жастарға тәрбие берудің басты құралы ретінде еңбек идеясын ілгерілету қажет. Білімді ұлт. Терең білім. Еңбекқорлық және отаншылдық қасиет қана келешегімізді кемел, болашағымызды бағдарлы етпек. Осы ретте әлеуметтік саланың белді мүшесі, болашағымыздың барометрі – мұғалімнен асқан беделді мамандық жоқтың қасы.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар көрсетуде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол – әрдайым қасиетті тұлға.

Астана қаласындағы Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектепте Гүлмира Байжұманова 1996 жылдан бастап қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Жұмыс барысында педагог-зерттеуші Гүлмира Мубаракқызы өзін білікті маман, тәжірибелі ұстаз, тамаша ұйымдастырушы және өнегелі қызметкер ретінде көрсетті. Ол – әріптестері арасында беделді ұстаз.

– Біздің мақсат – ұлттық құндылықтармен қаныққан, жауапты, еңбекқор, белсенді, отаншыл және өзіндік азаматтық ұстанымға ие ұрпақты тәрбиелеу, – дейді Г.Мубаракқызы өз ойын айта отырып.

«Барлық педагогтар болашақ ғасырдың тұлғасын қалыптастыруда оған қажетті дағдыларды игеруге қызмет ету – кез келген мұғалімнің, ұстаздың басты міндеті, мақсаты болуы керек» дейді ол. Оқушы жетістігі – ұстаз абыройы. Ұстаз еңбегі шәкірт жетістігі арқылы көрінеді. Ұстаздың мақсаты – қабілетті оқушыларды зерттей жүріп, олармен бірлескен тынымсыз еңбектің, шығармашылық ізденістің нәтижесін көру. Сондықтан ең алдымен, өз кәсібіңе, өз пәнің деген зор сүйіспеншілік болғаны абзал. Осынау сүйіспеншілік оқушы бойындағы білімге, пәнге деген алғашқы құштарлығын түртіп оятады. Ал осы шәкірт бойында ояңған білім құштарлығы енді тұтанған шырақ секілді.

9-11-сынып оқушыларына

арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық, қалалық, республикалық олимпиадаға оқушылары жыл сайын қатысып, жүлделі орындардан көрініп, ҰБТ нәтижесі бойынша жоғарғы көрсеткіштерге ие болды.

2014-2015 жылы Айзирек Есенбекқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың аудандық, қалалық кезеңінде I орын иеленіп, мектептің мәртебесін көтеріп, үлкен абыроймен оралды. Биыл бұл жетістікті Гүлмира Мубаракқызының шәкірті Элина Омуралиева жалғастырды.

Осы орайда ата-аналар мен әріптестерінің Гүлмира Мубаракқызына еңбек жолы мен терең де телегей білімін, күш-қайратын шәкірттеріне арнағаны үшін айтар алғысы шексіз.

Ұстаз еңбегін ұлы ететін өзі емес, шәкірті. Білім нәрімен сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі – аламан бәйгеден оза шауып, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атанған білімді шәкірттері. Гүлмира Мубаракқызы бұл үдеден шыға білді.

Мемлекет басшысының ұстаздардың жағдайын жақсартуға қатысты қабылдаған, мұғалімдердің статусын көтеруге бағытталған заңы, ұстаздардың беделін көтеріп, мерейін тасытып, әлеуетін арттыра түскені анық. Осы ретте қала әкімдігінің, Білім басқармасының елордалық ұстаздарды қолдаудың ең үздік моделін көрсетіп отырғандығын айрықша айту қажет. Астана қаласының ұстаздары – еліміздегі барлық ұстаздар қауымына мектеп қандай болуы керек, ұстаз қандай болуы керек, оқушы қандай болуы керек дегенде үлгі тұтар, алдыңғы қатарлы, үздіктер екенін мақтанышпен айтуымыз қажет!

Газетіміздің келесі саны 2023 жылдың 25 наурызы күні шығады.

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АСАН

Наурыз – мейірім мен берекенің мейрамы. Бұл күні – «Самарқанның көк тасы жібіп», адамдар ерекше көңіл күйге енеді. Әсіресе, көктемді бет қарыр саршұнақ аязы мен ақ түтек бораны тұтқиылдан сораны, «кәрі құддан» қыс ұзақтау қытымырлық танытатын Арқа төсінде жастар айрықша күтетін сияқты.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Астана – жастар қаласы. Мұнда білім қуып келгендерінен бөлек, «екі қолға бір күрек» жұмыс іздеп, нәпақа табуды көздеген жігіттер мен қыздардың да қарасы аз емес. Жас буын өкілдерін қазір Мемлекет басшысының өзі қолдап, қамқорлық танытып отыр. Әсіресе, кейінгі кезде жұмысшы мамандығын меңгерген жастарға деген көзқарас айқындалып, олардың еңбектеріне құрметпен қарау керектігі баса айтылуда.

Біз бүгін Ұлыстың ұлы күні қарсаңында бір өзі бірнеше мамандықты игерген, қандай жұмыстың да ыңғайын танып, жөнін келтіре алатын бесасап маман жігіт жөнінде әңгіме өрбітпекпіз.

Біз тұратын «Еуразия» тұрғын үй кешеніне он жеті жыл болған. Өткен жылы кіреберіске күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйғардық. Тұрғындар келісіп, ақша жинап, бір адамға сеніп тапсырғанбыз. Сөйтсек, сенген адамымыз алаяқ болып шықты. Жұмыстың ең қиын жері еденге кафель төсеуге келгенде зым-зия жоғалды. «Осы үйден пәтер сатып алғанмын, осы үйдің тұрғынымын» деп бәрімізді алдапты.

Енді қайттік? Біреудің бітірмей орта жолдан тастап кеткен жұмысын бітіріп беруді ешбір бригада міндеттеріне алмайды екен. Еңсеміз түсіп, дағдара бастағанда осы тұрғын үй кешенінде электрмен дәнекерле-

уші болып жұмыс істейтін Асан деген жігіттің кездесе кетпесі бар ма? Мән-жайды түсінгеннен кейін «ағалар, қам жемендер, кафель төсеу менің қолымнан келеді. Бұрын талай мұндай шаруамен айналысқанмын» деп болар болмас тыиың-тебенге тап-тұйнақтай етіп, бүкіл №4 кіреберістің жөндеу жұмыстарын бітіріп берді.

Қолы шебер, іскер жігіттің ныспысы Асан Көшкінов екен. Оның сол алғырлығы мен ыждаһаттылығына көпшілік сүйсініп, «өркенің өссін, жұмысыңның жемісін көр» деп батасын беріп жатты.

Бүгінде Асан – 373 пәтерлі «Еуразия» тұрғын үй кешеніндегі

Бұл туралы осы тұрғын үй кешені Мүлік меншік иелері бірлестігінің төрағасы Шалқар Жетпісбаев: «Асанның бізге келіп жұмыс істей бастағанына екі жылдан асты. Осы уақыт ішінде ол өзін жан-жақты көрсетті. Бізге мұндай қай істің де тетігін бес саусағындай білетін алғыр жігіттер ауадай қажет-ақ. Сондықтан көп шаруада оған сенім артып, арқа сүйейміз. Өзі бір мінезі жайлы алтын жігіт. Арақ ішпейді, темекі тартпайды. Артық-ауыс сөзі жоқ. Ісіне тындырымды» деді.

Асан 1997 жылы Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы Бостандық ауданында дүниеге келіпті. Ауылдан орта мектепті

– Біз отбасында төрт ағайындымыз. Бір ағам, бір інім, қарындасым бар. Олар қазір сол Өзбекстанда тұрады. Өзім Қазақстанның азаматымын. Алдағы уақытта осы мамандықтарымды тереңдеті менгеріп, өз алдына бөлек бір қызмет көрсетуші компания құрсам ба деген мақсатым бар. Қазақ «бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген. Биыл үйленгім келеді. Сосын осы өзім қалаған, өзіме ұнайтын жұмысымды барынша жан-жақты дамытсам ба деймін, – дейді ол болашақ жоспарлары жөнінде әңгімелеп.

Осы кезде оның телефоны шыр ете түсті. Көпқабатты үйдің жер төлесіндегі су құбырларының



ең абыройлы да беделді жұмысшы. Өйткені оның қолынан қоғамдағы ең көп сұранысқа ие мамандық электрмен пісіру мен қатар слесарь-сантехник, кафельші, тас қалаушы, сылақшы-әрлеуші жұмыстарының барлығы келеді екен. Әрі ол тәуліктің қай уақытында да іске қажет болса, түн ұйқысын төрт бөліп, жарылған, апат шыққан жерге бірден аттанып, жұмысты тындырғанша бір дамыл көрмейді.

ойдағыдай бітіргеннен кейін әке жолын қуып, электрмен пісіруші мамандығын алыпты. Өйткені ол қаршадайынан әкесі Амантайдың қасында жүріп, шаруашылықтың науқандық жұмыстарында техникаларды жөндеуде небір күрделі электрмен, газбен пісіру, дәнекерлеу жұмыстарын көзімен көріп өсті. Содан тәжірибе жинады. Ал сантехника мен слесарлықты ағасынан үйреніпті.

бірі жарылып, тұрғындар дабыл қағып жатыр екен. Асан қолына кілт-құралы мен дәнекерлеу аппаратын ала салып аталған үйдің жер төлесіне қарай жүгіре жөнелді. Бұл – оның күнделікті жұмысы. Ол өз жұмысын ұнатады. Содан болса керек, жұртшылықтан үнемі алғыс алып жүреді.

Елордадағы осындай көпқабатты үйлерде жас та іскер жұмысшы Асан Көшкіновтің қолтаңбасы қалатынына біз де сенімдіміз.



Наурыз

<p>📅 16-28 НАУРЫЗ 🕒 10:00-18:00 «ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!» КӨРМЕСІ Сәкен Сейфуллин мұражайы</p>	<p>📅 21 НАУРЫЗ 🕒 13:00-18:00 «НАУРЫЗ БАЗАРЫ» ШЫҒЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ ЭКСПО аумағы</p>	<p>📅 21 НАУРЫЗ 🕒 19:00 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ» КОНЦЕРТІ «Қазақстан» ОКЗ</p>	<p>📅 23 НАУРЫЗ 🕒 11:00-14:00 «НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ» «Қазақ елі» монументінің алаңы мен қалалық алаң</p>
<p>📅 17-31 НАУРЫЗ «НАУРЫЗ – ДУМАН» ШОУЫ Қуыршақтар театры</p>	<p>📅 22-23 НАУРЫЗ 🕒 11:00-18:00 «НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ» ФЕСТИВАЛІ ЭКСПО аумағы</p>	<p>📅 22 НАУРЫЗ 🕒 16:00, 19:00 «АБАЙ–ТОҒЖАН» МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМАСЫ Музыкалық жас көрермен театры</p>	<p>📅 22 НАУРЫЗ 🕒 18:00 «НАУРЫЗ – ДУМАН» ШОУЫ Astana Opera театры</p>
<p>📅 20 НАУРЫЗ 🕒 19:00 «НАУРЫЗ» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫ Мемлекеттік академиялық филармония</p>	<p>📅 21-22 НАУРЫЗ 🕒 11:00-16:00 «НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ» ФЕСТИВАЛІ «Қазақ елі» монументінің алаңы мен қалалық алаң</p>	<p>📅 23 НАУРЫЗ 🕒 19:00 «ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ» Мемлекеттік академиялық филармония</p>	<p>📅 23 НАУРЫЗ 🕒 15:30, 19:00 «ГАУНАРТАС» ПРЕМЬЕРАСЫ Музыкалық жас көрермен театры</p>
<p>📅 21 НАУРЫЗ 🕒 19:30 СӘКЕН МАЙҒАЗИЕВТІҢ КОНЦЕРТІ Филармония залы</p>	<p>📅 23 НАУРЫЗ 🕒 18:00 «НАУРЫЗ – КӨКТЕМ ӘУЕНІ» КОНЦЕРТІ Қ.Қуанышбаев театры</p>	<p>📅 25 НАУРЫЗ 🕒 18:00 ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ Astana Ballet</p>	
<p>📅 22 НАУРЫЗ 🕒 19:30 ТОҚТАР МЕН БЕЙБІТ КОНЦЕРТ Филармония залы</p>			